

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жеке кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 17 шілдедегі N 188-IV Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 2, 19, 20-құжаттар; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 8, 45-құжат; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 72, 77-құжаттар; N 13, 85, 86-құжаттар; N 15, 92, 95-құжаттар; N 16, 98, 102-құжаттар; N 23, 141-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 16, 18-құжаттар; N 3, 20, 23-құжаттар; N 4, 28, 33-құжаттар; N 5-6, 40-құжат; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; N 12, 88-құжат; N 13, 99-құжат; N 15, 106-құжат; N 16, 131-құжат; N 17, 136, 139, 140-құжаттар; N 18, 143, 144-құжаттар; N 19, 146, 147-құжаттар; N 20, 152-құжат; N 24, 180-құжат; 2008 ж., N 6-7, 27-құжат; N 12, 48, 51-құжаттар; N 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; N 15-16, 62-құжат; N 20, 88-құжат; N 21, 97-құжат; N 23, 114-құжат; N 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., N 2-3, 7, 21-құжаттар; 2009 жылғы 8 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2009 жылғы 9 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тауар биржалары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; 2009 жылғы 8 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2009 жылғы 9 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 153-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"153-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізу тәртібін бұзу

1. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізу тәртібін бұзу, оның ішінде:
1) тексеру жүргізу негіздерінің болмауы;

- 2) тексеруді тағайындау туралы актінің болмауы;
- 3) тексеру жүргізу туралы хабарлау мерзімдерін сақтамау;
- 4) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында белгіленген талаптар мемлекеттік органның құзыретіне жатпаса, осындай талаптардың орындалуын тексеру;
- 5) егер құжаттар, ақпарат, өнім үлгілері, қоршаған орта объектілерін және өндірістік орта объектілерін зерттеу сынамалары тексеру объектілері болып табылмаса немесе тексеру нысанасына жатпаса, оларды беруді талап ету;
- 6) өнім үлгілеріне, қоршаған орта объектілерін және өндірістік орта объектілерін зерттеу сынамаларына зерттеу, сынау, өлшеу жүргізу үшін көрсетілген үлгілердің, сынамалардың белгіленген нысан бойынша және (немесе) мемлекеттік стандарттарда, үлгілерді, сынамаларды ірікеп алу қағидаларында және олардың зерттеу, сынау, өлшеу әдістерінде, техникалық регламенттерде немесе олар қолданысқа енетін күнге дейін қолданыста болатын өзге де нормативтік техникалық құжаттарда, зерттеу, сынау, өлшеу қағидаларында және әдістерінде белгіленген нормадан асатын санда ірікеп алынуы туралы хаттамаларды ресімдемей, оларды ірікеп алу;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеру жүргізу нәтижесінде алынған және коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария ету және (немесе) тарату;
- 8) тексеру жүргізудің белгіленген мерзімдерінен асып кету;
- 9) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 37-1-бабының 7-тармағы 2), 4), 6), 7) және 8) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, белгілі бір мәселе бойынша, белгілі бір кезенде бұрын тексеру жүргізілген жеке немесе заңды тұлғага қатысты көрінеу қайта тексеру жүргізу;
- 10) мемлекеттік бақылау мақсатында шығынды сипаттағы іс-шараларды жеке кәсіпкерлік субъектілерінің есебінен жүргізу;
- 11) жоспарлы тексеруді тағайындау кезінде алдыңғы тексеруге қатысты уақыт аралығын бұзу;
- 12) тексерілетін субъектіге тексеру актісін ұсынбау, -
лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде
а) айппұл салуға әкеп соғады.
2. Осы баптың бірінші тармағында көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -
лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айппұл салуға әкеп соғады.";
- 2) 1 6 1 - б а п т а :
- екінші және үшінші бөліктер алғып тасталсын;
бесінші бөліктегі "бірінші - төртінші" деген сөздер "бірінші және төртінші" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 541-баптың бірінші бөлігінде:

"159" деген цифrlардан кейін "(екінші бөлігінде)" деген сөздер алып тасталсын;

"161 (төртінші" деген сөздер "161 (бірінші, төртінші" деген сөздермен ауыстырылсын;

"163," деген цифrlардан кейін "165," деген цифrlармен толықтырылсын;

4) 5 4 3 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "159 (бірінші бөлігінде)," деген сөздер, "165," деген цифrlар алып тасталсын;

екінші бөлікте:

2) тармақшадағы "159 (бірінші бөлігінде)," деген сөздер, "165," деген цифrlар алып тасталсын;

3) тармақшадағы "159," "165," деген цифrlар алып тасталсын;

4) тармақшадағы "159, 165," деген цифrlар алып тасталсын;

5) 544 және 557-баптардың бірінші бөлігіндегі "235 (бірінші бөлігінде)," деген сөздер алып тасталсын;

6) 570-1-баптың бірінші бөлігіндегі "159 (бірінші бөлігінде), 161 (бірінші және екінші бөліктерінде)," деген сөздер, "165," деген цифrlар алып тасталсын;

7) 6 3 4 - б а п т а :

бірінші бөліктің 1) тармақшасы "адамның" деген сөзден кейін "осы баптың 2-1-бөлігінің ережелерін ескере отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-бөлікпен толықтырылсын:

"2-1. "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізілген тексерудің нәтижесі кәсіпкерлік қызмет саласында құқық бұзушылық жасағаны үшін осы баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауга негіз болып табылады.";

8) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында:

екінші абзацтағы "159" деген цифrlардан кейін "(екінші бөлігі)" деген сөздер алып тасталсын;

жиырмасыншы және жиырма бірінші абзацтардағы "235 (екінші бөлігі)," деген сөздер алып тасталсын;

жиырма тоғызыншы абзацтағы "153," деген цифrlар, "159 (екінші бөлігі), 161 (төртінші және бесінші бөліктері)," деген сөздер алып тасталсын;

отыз алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның (153, 356, 357-3-баптар);";

елуінші абзац "127," деген цифrlардан кейін "165," деген цифrlармен толықтырылсын.

2. 2003 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Кеден кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 7-8, 40-құжат; 15, 139-құжат; 2004 ж., N 18, 106-құжат; 2005 ж., N 11, 43-құжат; N 21-22, 86-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат;

N 11, 55-құжат; N 23, 141-құжат; 2007 ж., N 1, 3-құжат; N 2, 14, 18-құжаттар; N 3, 20-құжат; N 4, 33-құжат; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; N 18, 144-құжат; N 23, 173-құжат; 2008 ж., N 13-14, 58-құжат);

1) 7-баптың 1-тармағының 27) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"27) мемлекеттік кедендік бақылау (кедендік бақылау) - уәкілетті органның өз құзыреті шегінде кеден ісі саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі";

2) 17-1-бап мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомствоның статистикалық есептіліктің, тексеру параграфының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді";

3) 59-тараудың тақырыбындағы "тексеру" деген сөз "кеденнен кейінгі бақылау" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 459-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"459-бап. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларды кеденнен кейінгі бақылау

1. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларды кеденнен кейінгі бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексерулер жүргізудің түрлері, негіздері, мерзімдері мен тәртібі "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленеді.

3. Кеденнен кейінгі бақылаудың өзге де нысандары осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.";

5) 459-1-бап алып тасталсын;

6) 460 және 461-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"460-бап. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларды бақылау

1. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларды бақылау - кеден органы тауарлар мен көлік құралдарын жібергеннен кейін:

1) камералдық бақылау жүргізу;

2) сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылардың қызметі туралы мәліметтерге мониторинг жүргізу;

3) ауызша сауал жүргізу;

4) түсініктемелер алу;

5) кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарын есепке алу жүйесін және олар бойынша есептілікті бақылау;

6) кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарын түгендеу арқылы жүзеге асыратын кедендік бақылау нысаны.

2. Камералдық бақылау - кеден органы сыртқы экономикалық қызметке қатысушы немесе кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлға ұсынған кедендік декларациялардағы, тауарларға ілеспе және өзге де құжаттардағы мәліметтерді, бақылаушы органдардың мәліметтерін, сондай-ақ аталған тұлғаның қызметі туралы кеден органдарында бар басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерттеу және талдау арқылы жүзеге асыратын кедендік бақылау нысаны.

3. Мониторинг - сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушылардың қызметі туралы ақпаратты жинау мен өндөу.

4. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілген тауарлар мен көлік құралдарын жібергеннен кейін кеден органдарының лауазымды адамдары мұндай сауал жүргізу нәтижелерін жазбаша нысанда ресімдемей, адамдарға ауызша сауал жүргізу

құрылыш.

5. Түсініктемелер алу - кеден органдарының лауазымды адамдарының декларанттардан және кеден шекарасы арқылы өткізілген тауарлар мен көлік құралдары туралы, сондай-ақ кеден ісі саласына қатысты өзге де ақпарат туралы мәліметтерді билетін өзге де адамдардан түсініктеме алуы.

Түсініктемелер жазбаша нысанда ресімделеді. Адамды түсініктемелер алу үшін шақыру туралы хабарламаға тиісті кеден органдарының басшысы қол қояды және ол шақырылатын адамға қолын қойғызу арқылы табыс етіледі.

6. Кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарын есепке алу жүйесін және олар бойынша есептілікті бақылау, мұндай тауарлар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен есепке алынуға жататын кезде, тауарларды шартты түрде жіберу кезінде қолданылады.

7. Кеден органдары кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарына, сондай-ақ өздеріне қатысты кедендік төлемдер мен салықтар төленбegen немесе кедендік төлемдер мен салықтар бойынша женілдіктер берілген тауарларға түгендеу жүргізуге құқылы.

461-бап. Камералдық бақылауды жүргізу

1. Камералдық бақылауды жүргізу барысында кеден органы сыртқы экономикалық қызметке қатысушы немесе кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлға құжаттарының Қазақстан Республикасының кеден және сақталуын бақылау кеден органдарына жүктелген өзге де заңнамасына сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады.

2. Камералдық бақылау тәуекелдерді басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Кеден органдары камералдық бақылаудың нәтижелерін сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар немесе кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы мәліметтерді өндөу, жүйеге келтіру және кедендік бақылауды жүргізу кезінде тәуекел көрсеткіштерінің тізбесін қалыптастыру (қайта

қаралу)

мақсатында

пайдаланады.

3. Камералдық бақылауды кеден ісі саласындағы уәкілетті орган немесе кеден ісі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі не кеден сыртқы экономикалық қызметке қатысушының немесе кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлғаның объектілеріне бармастан, сондай-ақ "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген тексеруді тағайындау туралы актіні ресімдемей жүргізді.

4. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушы немесе кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлға ұсынған кедендік жүк декларациялары, тауарларға ілеспе және өзге де құжаттар, сондай-ақ аталған тұлғаның қызметі жөнінде кеден органдарынан, басқа да мемлекеттік органдардан, шет мемлекеттердің осындай органдарынан, банктер мен банк ұйымдарынан және бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған мәліметтер камералдық бақылау объектілері болып табылады.

5. Камералдық бақылауды жүзеге асыру кезінде мыналар:

1) сыртқы экономикалық қызметке қатысушы немесе кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлға ұсынған және кеден органы жіберген кедендік жүк декларациялары, тауарларға ілеспе және өзге де құжаттар;

2) сыртқы экономикалық қызметке қатысушы немесе кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлға ұсынған, кеден органы жіберген және кеден органы кеден ісі саласындағы уәкілетті органның немесе кеден ісі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің не кеденнің ақпараттық ресурстарынан алынған мәліметтерді талдау мен салыстыру негізінде ірікте алған кедендік жүк декларациялары, тауарларға ілеспе және өзге де құжаттар, сондай-ақ аталған тұлғаның қызметі жөнінде кеден органдарынан, басқа да мемлекеттік органдардан, шет мемлекеттердің осындай органдарынан, банктер мен банк ұйымдарынан және бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған мәліметтер;

3) сыртқы экономикалық қызметке қатысушы немесе кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын тұлға ұсынған, кеден органы жіберген және айқындалмаған тәуекелді анықтау мақсатында бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып кездейсоқ іріктеу әдісімен таңдап алынған кедендік жүк декларациялары, тауарларға ілеспе және өзге де құжаттар зерделенуге жатады. Аталған әдіс арқылы кеден ісі саласындағы уәкілетті органның немесе кеден ісі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің не кеденнің ақпараттық ресурстарынан екі проценттен аспайтын құжаттарды ірікте алу жүзеге асырылады.

Бақылауды жүзеге асырған кеден органы құжаттарды тіркеудің арнаулы журналында өздеріне қатысты камералдық бақылау жүргізілген құжаттарды тіркейді, ол нөмірленуге, байлап-қайымдалуға және кеден органының мөрімен бекітілуге тиіс.";

7) 462-бап алып тасталсын.

8) 465 және 466-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"465-бап. Камералдық бақылаудың аяқталуы

1. Камералдық бақылау аяқталғаннан кейін кеден органының лауазымды адамдары:

1) камералдық бақылаудың жүргізілген орнын, актінің жасалған күнін;

2) камералдық бақылау жүргізген кеден органы лауазымды адамдарының лауазымын, тегін, атын, әкесінің атын (бар болғанда);

3) кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушының тегін, атын, әкесінің атын (бар болғанда) не толық атауын;

4) кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушының тұрған жерін, банк деректемелерін;

5) алдыңғы камералдық бақылау және бұрын анықталған Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде қабылданған шаралар тұралы мәліметтерді;

6) кеден ісі саласында анықталған құқық бұзушылықтарды Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің тиісті нормаларына сілтеме жасай отырып, егжей-тегжейлі сипаттады;

7) кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыны камералдық бақылаудың нәтижелерін көрсете отырып камералдық бақылау актісін жасайды.

2. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыға камералдық бақылау актісін тапсырған күн камералдық бақылау мерзімінің аяқталған күні болып есептеледі.

3. Егер камералдық бақылау аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын бұзу анықталмаса, камералдық бақылау актісінде тиісті жазба жасалады.

4. Камералдық бақылау актісіне құжаттардың көшірмелері, есеп-қисаптар және басқа да материалдар қоса тіркеледі.

5. Камералдық бақылау актісі бақылауды жүргізген кеден органы лауазымды адамдарының қолы қойылып, екі данада жасалады.

6. Камералдық бақылау актісі актілерді тіркеудің арнаулы журналында тіркеледі, ол нөмірленуге, байлап-қайымдалуға және кеден органының мөрімен бекітілуге тиіс.

7. Камералдық бақылау актісінің бір данасы кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыға қолын қойғызы арқылы немесе актін алу фактісін растайтын өзгеше тәсілмен беріледі.

8. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушы камералдық бақылаудың нәтижелерімен келіспеген жағдайда кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушының басшысы немесе уәкілетті лауазымды адамы камералдық бақылау актісіне тиісті жазба жасайды.

466-бап. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыларды кеденнен кейінгі бақылау нәтижелері бойынша шешім

1. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушысын кеденнен кейінгі бақылау аяқталғаннан кейін кеден органы кеденнен кейінгі бақылаудың нәтижелері туралы актіде көрсетілген нәтижелердің негізінде осы Кодекстің 350-бабында көзделген нысанда кедендік төлемдердің, салықтардың және өсімпұлдардың есепке жазылған сомалары туралы хабарлама шығарады.

2. Хабарлама осы Кодекстің 350-бабында көзделген тәртіпке сәйкес кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушыға жіберіледі.

3. Кедендік төлемдердің, салықтардың және өсімпұлдардың есепке жазылған сомалары туралы хабарлама алған кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушы оны осы Кодекстің 350-бабында белгіленген мерзімде

орындауға міндетті.

4. Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметке қатысушының осы Кодексте көзделген тәртіппен және мерзімдерде кеденнен кейінгі бақылаудың нәтижелеріне шағымдануға құқығы бар.".

3. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 13, 99-құжат; 2005 ж., N 9, 26-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 79, 83-құжаттар; N 16, 97-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 18-құжат; N 14, 105-құжат; N 15, 106, 109-құжаттар; N 16, 129-құжат; N 17, 139-құжат; N 18, 143-құжат; N 20, 152-құжат; N 24, 180-құжат; 2008 ж., N 6-7, 27-құжат; N 15-16, 64-құжат; N 21, 95-құжат; N 23, 114-құжат; 2009 ж., N 2-3, 18-құжат):

1) 14-баптың 1-тармағының 15) тармақшасындағы "қарау жатады." деген сөздер "қарау;" деген сөзben ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен тоғызылсын:

"16) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеу және бекіту жатады.";

2) 1 4 5 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Мемлекеттік бақылау жерге түгендеу жүргізу, зерттеп-қарау, жерді пайдаланумен байланысты схемалар мен жобаларды әзірлеу, жердің мемлекеттік кадастрын және мониторингін жүргізу кезінде де жүзеге асырылады.

Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады . " ;

4-тармақ алып тасталсын.

4. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 16, 140-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 16, 97-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 18-құжат; N 3, 20-құжат; 2008 ж., N 23, 114-құжат):

1) 4-баптың 57-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"57-1) орман қорын күзету, қорғау, оны пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау - уәкілетті органның өз құзыреті шегінде орман қорын күзету, қорғау, оны пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі";

2) 13-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 18) тармақшамен толықтырылсын:

"18) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру параптерының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

3) 1 9 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Орман қорын күзету, қорғау, оны пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау "

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Орман қорын күзету, қорғау, оны пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысанда жүзеге асырылады.

Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.";

4) 2 1 - б а п т ы ң 1 - т а р м ағ ы н д а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мемлекеттік орман қорының жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына, пайдаланылуына, ормандардың молықтырылуы мен орман өсіруге бақылау жүргізу үшін белгіленген үлгідегі қызметтік күйін көрсете отырып, ұйымдарға бару";

мынадай мазмұндағы 3-1), 3-2) және 3-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) осы Кодекстің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің орман қорын күзету, қорғау, оны пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы қаулыларының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар беру;

3 - 2) м ы н а д а й :

осы Кодекс және Қазақстан Республикасы Үкіметінің орман қорын күзету, қорғау,

оны пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы қаулылары бұзылған жағдайда кінәлі тұлғаларды әкімшілік жауптылықта тарту туралы; сот шешімі шығарылғанға дейін уақытша сақтау үшін алынған орман ресурстарын, көлік құралдарын, оларды алу құралдарын алып қою туралы қаулыларды шығару;

3-3) тексеру нәтижелері туралы акт жасау;" ;

5) 21-1-бап алып тасталсын.

5. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 17, 141-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 15, 95-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 18-құжат; N 19, 147-құжат; N 24, 180-құжат; 2008 ж., N 6-7, 27-құжат; N 23, 114-құжат; N 24, 129-құжат; 2009 ж., N 2-3, 15-құжат):

1) м а з м ұ н д а :

49-1 - 49-3-баптардың тақырыптары алып тасталсын;

2) 37-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 28) тармақшамен толықтырылсын:

"28) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулар жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

3) 48-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.";

4) 49-1 , 49-2 және 49-3-баптар алып тасталсын;

5) 51 - б а п т ы н 1 - т а р м ағ ы н д а :

1) тармақша "мемлекеттік" деген сөздің алдынан "осы Кодекс және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары талаптарының сақталуына "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тексеруді жүзеге асыруға," деген сөздермен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

3) т а р м а қ ш а д а :

б і р і н ш і с е й л е м д е :

"нұсқамалар негізінде қызметтік күәлігін көрсете отырып" деген сөздер " мемлекеттік бақылау жүргізу үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"тексеруді" деген сөз "бақылауды" деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 3-1), 3-2), 3-3) және 3-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) су пайдаланудың белгіленген лимиттерінің, тіреуіш гидротехникалық құрылыштар режимінің, су шаруашылығы құрылыштарын пайдалану, су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шекараларын пайдалану қағидаларының, олардағы

шаруашылық қызметтің белгіленген режимінің сақталуына бақылауды жүзеге асыруға;

3-2) анықталған су ресурстарын пайдалану және оларды қорғау қағидаларын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама шығаруға;

3-3) әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығаруға;

3-4) кінәлі тұлғаларға Қазақстан Республикасының су заңнамасын бұзу арқылы келтірілген залалды өтеу туралы талап қоюға;".

6. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 1, 1-құжат; N 20, 152-құжат; 2008 ж., N 21, 97-құжат; N 23, 114-құжат):

1) м а з м ұ н д а :

119-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"119-бап. Инспекторлық экологиялық тексерулер";

120 - 124-баптардың тақырыптары алып тасталсын;

125-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"125-бап. Мемлекеттік экологиялық бақылаудың өзге де нысандары";

2) 1-баптың 1-тармағының 39) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"39) мемлекеттік экологиялық бақылау - уәкілетті органның өз құзыretі шегінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі";

3) 1 7 - б а п т а :

28-1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 38) тармақшамен толықтырылсын:

"38) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

4) 119-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"119-бап. Инспекторлық экологиялық тексерулер

1. Инспекторлық экологиялық тексеру - мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар табиғат пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын сақтауы туралы ақпаратты жинау мен талдау арқылы жүргізетін іс-шаралар кешені.

2. Инспекторлық экологиялық тексеруді жүргізу, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, табиғат пайдаланушының қызметін тоқтата тұрғуға тиіс емес.

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысанарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес

жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Кодексе сәйкес жүзеге асырылады.";

5) 120 , 121 , 122 , 123 және 124-баптар алып тасталсын.

6) 125-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"125-бап. Мемлекеттік экологиялық бақылаудың өзге де нысандары

1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құрамына кіретін зертхана бақылауды қамтамасыз ету мақсатында тікелей табиғи объектілерде және ластау көздерінде талдамалық бақылауды жүзеге асырады.

2. Талдамалық бақылауды табиғат пайдалану объектісінің санитариялық-қорғаныш аймағынан тыс жерлерде жүзеге асыру үшін сынамаларды іріктеп алу кез келген уақытта тіркеусіз жүзеге асырылады.

3. Талдамалық бақылаудың нәтижелері табиғат пайдаланушылардың қоршаған орта сапасының нормативтерін сақтауын айқындайды және Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының сақталмауын негіздеу үшін пайдаланылады және қоршаған орта сапасының нормативтері шегінен асып кету фактілері бойынша тексеруді тағайындау туралы актіні ресімдеуге негіз болып табылады.

4. Камералдық бақылау қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның тікелей орналасқан жері бойынша табиғат пайдаланушы табыс еткен есептілікті және басқа да құжаттарды зерделеу мен талдау негізінде жүзеге асырылады.

5. Табиғат пайдаланушиның есептілігінде және басқа да құжаттарында қамтылған мәліметтер арасында қателіктер мен қайшылықтардың анықталуы тексеруді тағайындау туралы актіні ресімдеуге негіз болып табылады.".

7. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 9, 65-құжат; N 19, 147-құжат; N 20, 152-құжат; N 24, 178-құжат; 2008 ж., N 21, 97-құжат; N 23, 114-құжат; 2009 ж., N 8, 44-құжат; 2009 жылғы 6 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2009 жылғы 7 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмыспен қамту және міндетті әлеуметтік сактандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 5 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 15-баптың 3) тармақшасы алып тасталсын;

2) 16-бап мынадай мазмұндағы 25) тармақшамен толықтырылсын:

"25) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

3) 3 2 8 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"328-бап. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы саласындағы

мемлекеттік бақылау";
мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:
"6. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.";

4) 333-баптың екінші бөлігіндегі "тексеруді жүзеге асыру барысында белгілі болған (анықталған)" деген сөздер "Қазақстан Республикасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 334-бап алып тасталсын.

8. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., N 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., N 2-3, 16, 18-құжаттар):

1) 556-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Салықтық бақылау - Қазақстан Республикасының салық заңнамасы, орындалуын бақылау салық қызметі органдарына жүктелген Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасы нормаларының орындалуына салық қызметі органдары жүзеге асыратын мемлекеттік бақылау .

2. Салықтық бақылау :

1) салықтық тексеру нысанында;

2) мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарында жүзеге асырылады.

3. Салықтық бақылаудың осы нысандары шеңберінде:

1) салық міндеттемесінің, міндетті зейнетакы жарналарын есептеу, ұстau мен аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу мен төлеу бойынша міндеттердің орындалуын есепке алу ;

2) бақылау-кассалық машиналарды қолдану тәртібінің сақталуына бақылау;

3) акцизделетін тауарларға бақылау;

4) трансферттік баға белгілеу кезіндегі бақылау;

5) мемлекет меншігіне айналдырылған (айналдырылуға жататын) мүлікті есепке алу , сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібінің сақталуына бақылау;

6) Қазақстан Республикасының салық заңнамасын орындауға бағытталған функцияларды жүзеге асыру бойынша міндеттерді орындау бөлігінде уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне бақылау жүзеге асырылады .

4. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысаны шеңберінде:

1) салық төлеушілерді салық органдарында тіркеу;

2) салықтық нысандарды қабылдау;

3) камералдық бақылау ;

- 4) ірі салық төлеушілердің мониторингі;
- 5) салықтық зерттеп-қарау жүзеге асырылады.
5. Салықтық тексеруді жүргізудің жалпы тәртібі "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.
6. Салықтық тексеруді жүргізу тәртібі мен мерзімінің ерекшеліктері осы Кодексте айқындалады.

7. Уәкілетті орган "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парақтаның нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

2) 557-баптың 1-тармағы 8) тармақшасының жетінші абзацындағы "туралы мәліметтерді қоспағанда, салық қызметі органы салық төлеуші (салық агенті) туралы алған кез келген мәліметтер салық құпиясы болып табылады." деген сөздер "туралы;" деген сөзben ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) салықтық тексеру жоспары туралы мәліметтерді қоспағанда, салық қызметі органы салық төлеуші (салық агенті) туралы алған кез келген мәліметтер салық құпиясы болып табылады.";

3) 625-баптың 5-тармағы алып тасталсын;

4) 6 2 7 - б а п т а :

2-тармақтың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
" мынадай :

салық органдарында тіркеу есебіне қою;
бақылау-кассалық машиналардың болуы;

этіл спиртін босатуға лицензияның, рұқсаттың, патенттің, осы Кодекстің 574-бабында көрсетілген тіркеу карточкасының болуы мәселелері бойынша тақырыптық тексерулер кезінде - нұсқамада көрсетілген аумақтың участкесінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын салық төлеуші;"

4-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;
5 - т а р м а қ т а :

2) тармақшаның он үшінші абзацындағы "орындалуы мәселелері бойынша салық төлеушіге (салық агентіне) қатысты салық қызметі органы жүргізетін тексеру." деген сөздер "орындалуы;" деген сөзben ауыстырылып, мынадай мазмұндағы он төртінші - жиырма сегізінші абзацтармен толықтырылсын:

"салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық тексерудің нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) жоғары тұрған салық қызметі органының шағымды қарау нәтижелері бойынша шығарылған шешіміне салық төлеушінің (салық агентінің) шағымында жазылған мәселелер бойынша шағымын қарау;

төленген табыс салығын бюджеттен немесе "қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес шартты банк салымынан қайтаруға

резидент еместің салықтық өтінішін қайта қарау туралы өтінішін қарау;

мемлекет меншігіне айналдырылған (айналдыруға жататын) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және өткізу тәртібін сақтау;

уәкілетті мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының салық заңнамасын орындауға бағытталған функцияларды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді орындау бөлігіндегі қызметі;

салық органдарында тіркеу есебіне қою;

бақылау-кассалық машиналардың болуы;

этіл спиртін босатуға лицензияның, рұқсаттың, патенттің, осы Кодекстің 574-бабында көрсетілген тіркеу карточкасының болуы;

бақылау-кассалық машиналарды қолдану тәртібін сақтау;

акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін лицензиялау қагидалары мен оларды өндіру, сақтау және өткізу шарттарын сақтау;

касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салық органы шығарған өкімді орындау мәселелері бойынша салық төлеушіге (салық агентіне) қатысты салық қызметі органы жүргізетін тексеру.

М ы н а д а й :

салық органдарында тіркеу есебіне қою;

бақылау-кассалық машиналардың болуы;

этіл спиртін босатуға лицензияның, рұқсаттың, патенттің, осы Кодекстің 574-бабында көрсетілген тіркеу карточкасының болуы мәселелері бойынша тақырыптық тексеру жүргізуге қатысу үшін жеке кәсіпкерлік субъекттері бірлестіктерінің өкілдері осындаі бірлестіктермен келісім бойынша тартылуы мүмкін.

Жеке кәсіпкерлік субъекттері бірлестіктерінің өкілдері көрсетілген тақырыптық тексерулерді жүргізуі кезінде салық төлеуші құқықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады. Тақырыптық тексеру актісінде жеке кәсіпкерлік субъекттерінің бірлестіктері өкілдерінің қатысу фактісі тіркеледі.";

3) тармақшадағы "және кешенді" деген сөздер ", кешенді" деген сөзбел ауыстырылып, "және қосымша" деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақша алып тасталсын;

6 - тармақ алып тасталсын;

9 - тармақта :

1) тармақшадағы "салық қызметі органы тоқсан сайын" деген сөздер "уәкілетті орган жыл сайын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жоспардан тыс тексеру - осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілмеген, оның ішінде :

салық төлеушінің (салық агентінің) өзінің өтініші бойынша;

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген негіздер

б о й ы н ш а ;

салық төлеуші (салық агенті) бұрын тексерілген салық кезеңіне қосымша салық есептілігін осындай қосымша салық есептілігінде көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын тексеру мақсатында табыс еткен жағдайда;

салық қызметі органының бұрын жіберілген сұрау салулары бойынша алдыңғы салықтық тексеру барысында келіп түспеген жауап алынған жағдайда;

осы Кодекстің 608-бабында белгіленген тәртіппен камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы салық органдарының хабарламасын салық төлеуші (салық агенті) орынданмаған жағдайда;

резидент заңды тұлғаның, резидент емес заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің бөліну жолымен қайта ұйымдастырылуына немесе таратылуына
б а й л а н ы с т ы ;

резидент емес заңды тұлғаның Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын қызметін тоқтатуына байланысты;

дара кәсіпкер, жекеше нотариус, адвокат қызметінің тоқтатылуына байланысты;

салық төлеушінің салықтық өтініші негізінде қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен **шығарылуына байланысты;**

жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт мерзімінің өтуіне байланысты;

акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша;

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық төлеуші (салық агенті) мен оның дебиторлары арасындағы өзара есеп айырысуларды айқындау
мәселелері **б о й ы н ш а ;**

қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомасының дұрыстығын растау бойынша салық төлеушінің қосылған құн салығы бойынша декларацияда көрсетілген тараптары **н е г і з і н д е ;**

резидент еместің төленген табыс салығын бюджеттен немесе қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарт ережелеріне сәйкес шартты банк салымынан қайтаруға салықтық өтініші негізінде;

Қазақстан Республикасының салық заңнамасында, сондай-ақ орындалуын бақылау салық қызметі органдарына жүктелген Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген міндеттерді банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың орындауы мәселелері бойынша;

соттың заңды құшіне енген үкімі немесе қаулысы негізінде жалған кәсіпорын деп танылған салық төлеушімен жасалған операциялар бойынша салық міндеттемесін айқындау **мәселелері** **б о й ы н ш а ;**

сот кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз жүзеге асырылған деп танылған мәміле (мәмілелер) бойынша салық міндеттемесін айқындау мәселелері бойынша;

салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық тексеру нәтижелері туралы

хабарламаға және (немесе) хабарламаға шағымды қарау нәтижелері бойынша шығарылған жоғары тұрған салық қызметі органының шешіміне шағымын - осы шағымда көрсетілген мәселелер бойынша;

резидент еместің төленген табыс салығын бюджеттен немесе қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес шартты банк салымынан қайтаруға салықтық өтінішін қайта қарау туралы өтінішіне байланысты;

олар бойынша лицензиар лицензия қолданысын тоқтата тұрған бұзушылықтарды жою мәселесі бойынша;

салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің бюджетке түсін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның шешімі негізінде жүзеге асырылатын салықтық тексерулер.

Осы баптың 9-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жоспардан тыс тексерулер бұрын тексерілген кезең үшін жүзеге асырылады.";

5) 628 және 630-баптар алып тасталсын;

6) 6 3 2 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 2 . М ы н а д а й :

салық органдарында тіркеу есебіне қою;

бақылау-кассалық машиналардың болуы;

этіл спиртін босатуға лицензияның, рұқсаттың, патенттің, осы Кодекстің 574-бабында көрсетілген тіркеу карточкасының болуы мәселелері бойынша тақырыптық тексеру тағайындалған кезде нұсқамада аумақтың тексерілетін участкесі, тексеру барысында анықталуға жататын мәселелер, сондай-ақ осы баптың 1-тармағының 3), 4), 7) және 8) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы тармақта көзделген мәліметтер көрсетілуге тиіс.";

4-тармақтың екінші бөлігіндегі "және рейдтік салықтық" деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 6 . М ы н а д а й :

салық органдарында тіркеу есебіне қою;

бақылау-кассалық машиналардың болуы;

этіл спиртін босатуға лицензияның, рұқсаттың, патенттің, осы Кодекстің 574-бабында көрсетілген тіркеу карточкасының болуы мәселелері бойынша тақырыптық тексерулерді қоспағанда, бір нұсқама негізінде бір ғана салықтық тексеру жүргізілуі мүмкін. " ;

7-тармақ алып тасталсын;

7) 6 3 3 - б а п т а :

3-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Салық қызметі органының салықтық тексеру жүргізуі лауазымды адамы,

мынадай: салық органдарында тіркеу есебіне қою; бақылау-кассалық машиналардың болуы; этил спиртін босатуға лицензияның, рұқсаттың, патенттің, осы Кодекстің 574-бабында көрсетілген тіркеу карточкасының болуы мәселелері бойынша тақырыптық тексерулерді қоспағанда, салық төлеушіге (салық агентіне) нұсқаманың түпнұсқасын тапсырады. " ;

4-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мынадай: салық органдарында тіркеу есебіне қою; бақылау-кассалық машиналардың болуы; этил спиртін босатуға лицензияның, рұқсаттың, патенттің, осы Кодекстің 574-бабында көрсетілген тіркеу карточкасының болуы мәселелері бойынша тақырыптық тексерулер жүргізілген кезде салық төлеушіге немесе оның тауарларды өткізуі жүзеге асыратын және қызмет көрсететін қызметкеріне танысу үшін нұсқаманың түпнұсқасы көрсетіледі және оның көшірмесі тапсырылады.";

8) 637-баптың 1-тармағының 8) тармақшасындағы "және қосымша" деген сөздер алып тасталсын;

9) 6 7 0 - б а п т а :

2-тармақтағы "қосымша" деген сөз "тақырыптық" деген сөзben ауыстырылсын;

5-тармақтағы "қосымша" деген сөз "тақырыптық" деген сөзben ауыстырылсын;

10) 672-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы "қосымша" деген сөз "тақырыптық" деген сөзben ауыстырылсын;

11) 675-баптағы "Қосымша", "қосымша" деген сөздер тиісінше "Тақырыптық", "тақырыптық" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 685-баптағы "Қосымша", "қосымша" деген сөздер тиісінше "Тақырыптық", "тақырыптық" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" 1992 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кенесінің Жаршысы, 1992 ж., N 15, 363-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 17, 139-құжат):

1) 19-бап мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

"14) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

2) 2 0 - 1 - б а п т а :

5 және 6-тармақтар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес

жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.".

10. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1996 ж., N 2, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 447-құжат; 2001 ж., N 23, 309, 321-құжаттар; N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 18, 110-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 15, 63-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 14, 89-құжат; N 24, 148-құжат):

1) 1 - б а п т а :

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік көліктік бақылау (бұдан әрі - көліктік бақылау) - уәкілетті органның өз құзыretі шегінде көлік саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі;";

алтыншы бөлік алып тасталсын;

2) 25-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"25-1-бап. Көлік саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Көлік саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

3) 25-2-бап алып тасталсын.

11. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 148-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2006 ж., N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 8, 52-құжат; N 9, 67-құжат; N 18, 143-құжат; N 20, 152-құжат):

6-бап мынадай мазмұндағы үшінші, төртінші және бесінші бөліктермен тоғызылсын:

"Азаматтық және эксперименттік авиация қызметін мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырады.

Уәкілетті орган "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеуді және бекітеді.

Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.".

12. "Прокуратура туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 156-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 15, 208-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2007 ж., N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; N 20, 152-құжат; 2008 ж., N 15-16, 63-құжат; N 23, 114-құжат):

12-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жоспарлы тексерулер жүргізудің жыл сайынғы жиынтық жоспарын ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 желтоқсанына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми сайтына орналастырады.".

13. "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233, 247-құжаттар; N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 13-14, 174-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; N 23, 309-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 12, 82-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; N 24, 154, 155-құжаттар; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 3, 20-құжат; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; 2008 ж., N 15-16, 61-құжат; 2009 ж., N 8, 44-құжат):

1) 5-1-бап мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді";

2) 11-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-1-бап. Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге нысандарда жүзеге асырылады .

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

3) 11-2-бап алып тасталсын.

14. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 182-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 21, 787-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; 2004 ж., N 22, 131-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 16, 70-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 16, 99-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 3, 22-құжат; N 22, 170-құжат; N 23, 114-құжат; 2009 ж., N 2-3, 18-құжат):

1) 8-1-бап мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

"14) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

2) 70-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"70-2-бап. Жер қойнауын пайдалану саласындағы
мемлекеттік бақылау

1. Жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады".

15. "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" 1996 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 11-12, 263-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 4, 101-құжат; 2000 ж., N 6, 145-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат; 2004 ж., N 11-12, 67-құжат; N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 8, 52-құжат; N 20, 152-құжат; 2008 ж., N 6-7, 27-құжат; N 21, 97-құжат; 2009 ж., N 2-3, 9-құжат):

1) 11-бап мынадай мазмұндағы жиырма екінші абзацпен толықтырылсын:

"- "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

2) 31-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"31-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады .

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.".

16. "Өрт қауіпсіздігі туралы" 1996 жылғы 22 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 18, 368-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 20, 728-құжат; N 23, 931-құжат; 2000 ж., N 6, 142-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат; N 24, 177-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат, 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; N 20, 152-құжат; 2008 ж., N 6-7, 27-құжат):

1) 1-баптың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау - уәкілетті органның өз құзыреті шегінде өрт қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі";;

2) 6-бап мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

"16) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

3) 9-5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-5-бап. Өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады .

2. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторы - мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының басшысы;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторының орынбасарлары - мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары басшысын орынбасарлары ;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары - мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының мемлекеттік бақылау жөніндегі мамандары ;

облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторлары - мемлекеттік өртке қарсы қызметтің аумактық органдарының басшылары ;

облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік бақылау

жөніндегі мемлекеттік бас инспекторларының орынбасарлары - мемлекеттік өртке қарсы қызметтің аумақтық органдары басшыларының орынбасарлары;

облыстардың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандардың мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары - мемлекеттік өртке қарсы қызметтің аумақтық органдарының мемлекеттік бақылау жөніндегі мамандары жатады.

3. Ұлттық қауіпсіздік органдары, қорғаныс, қылмыстық-атқару жүйесі объектілерінде, шахталардың, кеніштердің, кен қазбаларының жерасты құрылыштарында, ашық көмір разрездерінде, орман және тоғай алқаптарының аумақтарында, сондай-ақ әуе, теміржол, теніз және ішкі су көлігінде өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылауды Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті органдары жүзеге асыраады.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының дипломатиялық мекемелерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шет елдердегі өкілдіктерінің өрт қауіпсіздігімен қамтамасыз етілуін бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік инспекторлар жүргізілген мемлекеттік бақылаудың нәтижелері бойынша өрт қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары талаптарының анықталған бұзушылықтарына қарай мынадай актілер:

- 1) тексеру жүргізу нәтижелері бойынша акт;
- 2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама;

3) өрт қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама;

4) өрт қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының талаптары бұзылған жағдайда кінәлі тұлғаларды әкімшілік жауаптылықта тарту туралы қаулы шығарады.

5. Дара кәсіпкерлердің және заңды тұлғалардың өрт қауіпсіздігі саласындағы нормаларды, қағидаларды, техникалық регламенттерді және стандарттарды сақтауы бақылануға жатады.";

4) 9-6-бап алып тасталсын;

5) 4-тaraу мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын:

"15-1-бап. Объектілерді өрт қауіптілігі дәрежесі бойынша бөлу

1. Ұйымдар өздерінің өрт қауіптілігі дәрежесі бойынша бірінші, екінші, үшінші және төртінші топтар объектілеріне бөлінеді. Аудандағы объектілер есебін мемлекеттік өртке қарсы қызмет органы жүргізеді.

2. Бірінші топтағы объектілерге: жалпы құрылыш алаңы үш мың бес жүз шаршы

метрден асатын ірі өнеркәсіп орындары және республикалық ғылыми-зерттеу үйымдары; электр станциялары; әуежайлар; теңіз сауда порттары; театрлар, спорт сарайлары, басқа да мәдени-ойын-сауық үйымдары, сегіз жұз және одан да көп адам сиятын медицина үйымдары мен қонақ үйлер; жалпы алаңы екі мың бес жұз шаршы метрден асатын сауда объектілері; мұражайлар, сурет галереялары; жалпы алаңы екі мың бес жұз шаршы метрден асатын кітапханалар; жалпы сыйымдылығы екі мың текше метрден асатын мұнай базалары мен мұнай өнімдерінің қоймалары; сыйымдылығы бір мың текше метрден асатын газ сақтау қоймалары мен газ қую станциялары

жатады.

3. Екінші топтағы объектілерге: бірінші топқа енбекен өнеркәсіп орындары мен ғылыми-зерттеу үйымдары; балық және өзен порттары; елу бірліктен астам техникасы бар автокәсіпорындар; темір жол станциялары, локомотив, вагон, вагон жөндеу, рефрижератор, жөндеу-жабдықтау деполары; атқарушы және өкілді органдардың ғимараттары; Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен екінші деңгейдегі банктер; ауысымда сегіз жұз және одан да көп оқушылар, студенттер, тындаушылар саны бар оқу мекемелері; бірінші топқа енбекен театрлар, спорт сарайлары, басқа да мәдени-ойын-сауық үйымдары; алаңының көлеміне қарамастан ғибадат мекемелері; жалпы алаңы бір мыңдан екі мың бес жұз шаршы метрге дейінгі сауда объектілері; жалпы алаңы бір мыңдан екі мың бес жұз шаршы метрге дейінгі мұражайлар, сурет галереялары және кітапханалар, төрт жүзден сегізге жұз дейін адам сиятын медицина үйымдары мен қонақ үйлер; жалпы құрылыш алаңы бір мың бес жұз шаршы метрден астам ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы объектілері мен құс фабрикалары жатады.

4. Үшінші топтағы объектілерге: екінші топқа енбекен білім беру үйымдары; ғылыми-зерттеу және жобалау институттары; елу бірліктен аз техникасы бар автокәсіпорындар; жалпы алаңы бір мың бес жұз шаршы метрден аз ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы объектілері мен құс фабрикалары; балалар, әкімшілік ғимараттары, жатақханалар, байланыс үйымдары, коммуналдық және тұрмыстық қызмет көрсету, тамақтандыру кәсіпорындары, ойын мекемелері, дәріханалар, пошталар, байланыстың сөйлесу пункттері, телеграфтар, банк бөлімдері, көркемсурет шеберханалары, алаңы бір жұз елу шаршы метрден астам салтанат залдары; бірінші және екінші топтарға енбекен мұражайлар мен сурет галереялары, медицина үйымдары мен қонақ үйлер, сауда объектілері, кітапханалар жатады.

5. Төртінші топтағы объектілерге: ашық автотұрақтар мен жеке гараждар; бір қабатты жер үсті және жер асты гараждары; автомобилдерге май құю стансалары, саяжай және бау-бақша шаруашылығы қоғамдары; сауда павильондары, жөндеу шеберханалары, дүңгіршіктер, қабылдау пункттері мен валюта айырбастау пункттері, тауарларды өткізуге арналған, оның ішінде базарлардың аумақтарында орналасқан контейнерлер; жеке тұрған және тұрғын үйлер мен құрылыштарға жапсарлас (қабаттас)

салынған, алаңы бір жұз елу шаршы метрге дейінгі сауда, тұрмыстық қызмет көрсету, тамақтандыру кәсіпорындары, ойын мекемелері, дене шынықтыру-сауықтыру кешендері, дәріханалар, медициналық кабинеттер, банк бөлімдері, көркемсурет шеберханалары, салтанат залдары, мұражайлар, көрме залдары, оғистер, аудио-, бейнежазба және прокат пункттері, диспетчерлік пункттер мен басқа да шағын

объектілер жағады.

6. Салынып жатқан объектілерді мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары олардың жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының және орындалған құрылым-монтаждау жұмыстарының өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігіне тексереді.

7. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары: қоныстану аумағында - өртке қарсы өтетін аралықтардың, кіреберістердің, өтпе жолдардың, өткелектердің және өртке қарсы сумен жабдықтаудың болуын және

олардың жай-күйін;

көп пәтерлі тұрғын үйлерде - өрт қауіпсіздігінің, тұтінді жою, өртті анықтау және сөндіру жүйелерінің, ғимараттар мен құрылымтарға өтетін өртке қарсы өтпе жолдардың жай-күйін, сондай-ақ жалпыға ортақ пайдаланылатын үй-жайлардың өртке қарсы

жай-күйін;

жеке тұрғын және тұрғын емес құрылымтарда - жеке және занды тұлғалардың өтініштері бойынша ғана өрт қауіпсіздігінің нормалары мен қағидаларының сақталуын тексеруді жүзеге асырады".

17. "Банкроттық туралы" 1997 жылғы 21 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 7-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 14, 198-құжат; N 17-18, 225-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 4, 26-құжат; N 11, 67-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 14, 57-құжат; 2006 ж., N 1, 4-құжат; N 3, 22-құжат; N 4, 24-құжат; N 13, 86-құжат; N 15, 95-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 14, 18-құжаттар; N 9, 67-құжат; 2008 ж., N 13-14, 58-құжат; N 23, 114-құжат; N 24, 129-құжат; 2009 ж., N 2-3, 18-құжат):

1) 1 0 - 2 - б а п т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) сырттай байқау рәсімінің, оңалту рәсімінің, конкурстық іс жүргізуудің жүргізілуін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады";

мынадай мазмұндағы 24-1) және 30) тармақшалармен толықтырылсын:

"24-1) кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыру тәртібін белгілейді";

"30) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді".

2) 10-3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-3-бап. Сырттай байқау рәсімінің, оңалту рәсімінің, конкурстық іс жүргізудің жүргізілуін мемлекеттік бақылау

1. Уәкілетті органның сырттай байқау рәсімінің, оңалту рәсімінің, конкурстық іс жүргізудің жүргізілуін мемлекеттік бақылауының нысанасы тараптардың Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасын сақтауы болып табылады.

Мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Осы баптың мақсаты үшін сырттай байқау рәсімінің, оңалту рәсімінің, конкурстық іс жүргізудің тараптары деп кредиторлар, борышкер, мұліктің меншік иесі немесе ол уәкілеттік берген орган, кредиторлар комитеті, сырттай байқау әкімшісі, конкурстық және оңалтушы басқарушылар түсініледі.

3. Уәкілетті орган мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары шеңберінде өз құзыретін іске асыру мақсатында сауалдар жасауды жүзеге асыруға құқылы.

4. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары мынадай:

1) төлем қабілеті жоқ борышкерлердің мұлкін және істерін басқаруға лицензиясы бар тұлғалардың банкроттық рәсімдерде тіркелу есебі;

2) мониторинг ;

3) камералдық бақылау ;

4) борышкердің мұлкін (активтерін) сату бойынша сауда-саттықтың жүргізілу тәртібінің сақталуын бақылау нысандарында жүзеге асырылады".

18. "Атом энергиясын пайдалану туралы" 1997 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 83-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 18-құжат; N 8, 52-құжат):

1) 1-баптың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау - уәкілетті органның өз құзыреті шегінде атом энергиясын пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі";

2) 5-бап мынадай мазмұндағы З-тармақпен толықтырылсын:

"3. Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес

жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

3) 8-бап мұнадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті органның құзыреті:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне атом энергиясын пайдалану мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін өзірлеу және өзгерту жөнінде үсіністар енгізу;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасының негізінде және оны орындау үшін атом энергиясын пайдалануға байланысты қызметті регламенттейтін нормалар мен қағидаларды өзірлеу, белгілеу және қабылдау;

3) атом энергиясын пайдалануға байланысты қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асыру және лицензиялардың қолданылу шарттарының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындалуын тексеру;

4) атом энергиясын пайдалану саласындағы нормалар мен қағидалардың сақталуын қадағалауды жүзеге асыру;

5) өз өкілеттігін атқаруга байланысты инспекциялар жүргізу;

6) Қазақстан Республикасының аумағындағы радиациялық жағдайға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

7) ядролық материалдар мен иондандыруышы сәуле көздерін мемлекеттік есепке алу мен бақылауды жүзеге асыру;

8) жеке және заңды тұлғалардан өздеріне жүктелген міндеттерді шешу үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды сұратуды және алуды жүзеге асыру;

9) осы Заңды бұзы фактілері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапқа тарту туралы мәселелерді шешу үшін құқық қорғау органдарына материалдарды береу;

10) атом энергиясын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік мәселелері бойынша және ядролық қаруды таратпау мен ядролық материалдарды бақылау проблемалары бойынша басқа мемлекеттердің өкілетті органдарымен және халықаралық ұйымдармен ынтымактастықты жүзеге асыру;

11) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын өзірлеу және бекіту болып табылады".

19. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 8, 84-құжат; 1999 ж., N 13, 431-құжат; N 23, 921-құжат; 2003 ж., N 11, 67-құжат; 2004 ж., N 14, 82-құжат; N 17, 101-құжат; N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 16, 103-құжат; 2007 ж., N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; N 15, 106, 108-құжаттар; N 18, 143-құжат; 2009 жылғы

12 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық сала мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 8 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 10-2-бап мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру параптарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.;"

2) 10-3-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

3) 10-4-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

4) 6-1-тараудың тақырыбындағы "қорын күтіп-ұстau ережелерінің сақталуына" деген сөздер "қоры саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 41-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"41-1-бап. Тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік бақылау

Тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік бақылауды жергілікті атқарушы орган кондоминиум қатысушыларының ортақ мүлкіне жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй инспекциясы (бұдан әрі - тұрғын үй инспекциясы) лауазымды адамдарының тексеру жүргізуі арқылы жүзеге асырады. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.;"

6) 4 1 - 2 - б а п т а :

тақырыптағы "қорын күтіп-ұстau ережелерінің сақталуына" деген сөздер "қоры саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың 1) тармақшасындағы "кедергісіз" деген сөз алып тасталсын;

4-тармақтың 1) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының заңдарына" деген сөздер "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздермен ауыстырылсын.

20. "Мемлекеттік статистика туралы" 1997 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 9, 91-құжат; 2001 ж., N 4, 23-құжат; 2002 ж., N 1, 3-құжат; N 17, 155-құжат; 2004 ж., N 23, 142, 143-құжаттар; 2007 ж., N 4, 33-құжат):

1) 11-баптың он бірінші абзацындағы "ұйымдастыруға міндettі." деген сөздер "ұйымдастыруға;" деген сөзben ауыстырылып, мынадай мазмұндағы он екінші абзацпен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"тексерулерді қоспағанда, мемлекеттік статистика саласындағы Қазақстан

Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының талаптарын сақтау түрғысынан мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға міндettі.";

2) 12-баптың он бірінші абзацындағы "табыс етуге міндettі." деген сөздер "табыс етуге;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы он екінші абзацпен толықтырылсын:

"тексерулерді қоспағанда, мемлекеттік статистика саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының талаптарын сақтау түрғысынан мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға міндettі".

21. "Азаматтық қорғаныс туралы" 1997 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 9, 93-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 4, 101-құжат; 2000 ж., N 6, 142-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 16, 104-құжат; 2007 ж., N 10, 69-құжат; 2008 ж., N 6-7, 27-құжат; N 21, 97-құжат):

1) 17-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-1-бап. Азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

2) 19-бап мынадай мазмұндағы он сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді".

22. "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 2-3, 25-құжат; 2001 ж., N 20, 258-құжат; 2002 ж., N 5, 50-құжат; 2004 ж., N 5, 29-құжат; N 13, 74-құжат; 2005 ж., N 17-18, 73-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 12, 86-құжат; N 13, 100-құжат; N 19, 147-құжат; 2008 ж., N 13-14, 55-құжат; N 21, 97-құжат):

1) 1 4 - 1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Орталық мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасын сараптамалық қорытынды алу үшін, оның ішінде осы жобаны мүдделі мемлекеттік органдармен келесі әрбір келісу кезінде міндettі түрде түсіндірме жазбаны

коса тіркей отырып, сараптамалық кеңестер арқылы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктеріне жібереді.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мұдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасына сараптамалық қорытынды үсыну үшін мемлекеттік органдар белгілейтін мерзім жоба жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктеріне түскен кезден бастап он жұмыс күнінен аз болмауға тиіс.

Қорытындыны беру мерзімі жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің жазбаша сауал салуы бойынша он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге қосымша ұзартылады. Мерзімдерді қайта ұзартуға жол берілмейді.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері сараптамалық қорытындыны мемлекеттік тілде және орыс тілінде ұсынады.";

4-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша ескертпелері бар бір сараптамалық қорытынды ұсынған және осы бірлестік сараптамалық кеңестің отырысын өткізууді табанды түрде талап еткен жағдайда, осындай отырыстың өткізілуі міндетті болып табылады.

Бұл ретте сараптамалық кеңестің отырысы сараптамалық кеңес мүшелерін тікелей шақыру арқылы не нақты уақыт режимінде интернет-конференция өткізу арқылы өткізілуі мүмкін.";

2) 38-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мұдделерін қозғаса және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері ұсынған сараптамалық қорытындылар түрінде қосымшалары болмаса;".

23. "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 16, 220-құжат; 2001 ж., N 23, 318-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; 2008 ж., N 15-16, 60-құжат):

1) 10-бап мынадай мазмұндағы 19) тармақшамен толықтырылсын:

"19) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

2) 1 1 - б а п т а : :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік
бақылау" ;

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) асыл тұқымды мал шаруашылығының аттестатталған субъектілеріндегі малды асылдандыру жұмысының, оны есепке алудың және оның есептілігінің жай-күйін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;";

2) тармақшадағы "сәйкестігін тексеруге" деген сөздер "сәйкестігіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "сапасын тексеруге" деген сөздер "сапасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады".

24. "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 16, 214-құжат; 1999 ж., N 19, 646-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; 2002 ж., N 23-24, 193-құжат; 2004 ж., N 14, 82-құжат; N 23, 138, 142-құжаттар; 2006 ж., N 2, 17-құжат; N 3, 22-құжат; N 4, 24-құжат; N 8, 45-құжат; N 13, 87-құжат; 2007 ж., N 3, 20-құжат; N 19, 148-құжат; 2008 ж., N 15-16, 64-құжат; N 24, 129-құжат):

1) 13-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді";

2) 1 8 - 1 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"18-1-бап. Табиғи монополиялар саласында жүзеге асырылатын іс-әрекеттерді хабарлаудың немесе келісудің негіздері мен тәртібі";

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "үәкілетті орган" деген сөздер "мынадай іс-әрекеттерді жасауға" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "бақылауды жүзеге асырады" деген сөздер "үәкілетті органның алдын ала хабарламасы немесе келісімін алу талап етіледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 18-4-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"18-4-бап. Табиғи монополия субъектісінің сатып алуды жүзеге асыруының ерекшеліктері";

4) 18-5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-5-бап. Табиғи монополиялар саласындағы және реттелетін нарықтардағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру

1. Табиғи монополиялар саласындағы және реттелетін нарықтардағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

5) 18-6-бап алып тасталсын;

6) 1 8 - 7 - б а п т а :

тақырып "субъектісін" деген сөзден кейін "және реттелетін нарық субъектісін" деген сөздермен толықтырылсын;

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"субъектісін" деген сөзден кейін "немесе реттелетін нарық субъектісін" деген сөздермен толықтырылсын;

"анықтаманы" деген сөз "актісін" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) тармақша "субъектісіне" деген сөзден кейін "немесе реттелетін нарық субъектісіне" деген сөздермен толықтырылсын.

25. "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" 1998 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 17-18, 221-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2002 ж., N 10, 106-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 5-6, 30-құжат; N 24, 148-құжат):

6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылау және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары

1. Есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады .

2. Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының:

1) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жүзеге асыруға;

2) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру мақсатында меншік нысанына қарамастан, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы үшін пайдаланылатын кез

к е л г е н ү й - ж а й л а рғ а б а р у ғ а ;
3) құрамында Тізімге енгізілген есірткі заттары бар өсімдіктер өсірілетін жер
учаскелеріне тексеріп-қарау жүргізуғе;

4) құрамында есірткі заттары бар өсімдіктерді жою мақсатында арнайы құрылған
бөлімшелермен іс-шаралар жүргізуғе;

5) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымына байланысты
қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардан есірткі, психотроптық заттар мен
прекурсорлардың сапасын сипаттайтын техникалық құжаттаманы, сондай-ақ оларға
сараптама жүргізу үшін көрсетілген өнімнің техникалық негізделген мөлшердегі
ү л г і л е р і н а л у ғ а ;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есірткі, психотроптық заттар
мен прекурсорлардың айналымы саласында анықталған кемшіліктерді жою туралы
нұсқамалар б е р у ғ е ;

7) есірткі, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымы саласындағы
талаптар бұзылған жағдайда заңды тұлғалардың және құрылымдық бөлімшелердің
өндірістік қызметін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен
т о қ т а т а т ұ р у ғ а ;

8) Қазақстан Республикасының есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың
айналымын реттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін
бұзғаны үшін жеке және заңды тұлғаларды жауапқа тарту жөнінде тиісті органдарға
ұсыныс енгізуғе құқығы бар.".

26. "Аудиторлық қызмет туралы" 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан
Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж.,
N 22, 309-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 5-құжат; N 8, 52-құжат; 2002 ж.
, N 23-24, 193-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 86-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж.,
N 23, 138-құжат; 2005 ж., N 14, 58-құжат; 2006 ж., N 8, 45-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат
; N 4, 28-құжат; 2009 ж., N 2-3, 21-құжат):

1) 7 - б а п т а :

10), 11), 12) және 14) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 17) және 18) тармақшалармен толықтырылсын:

"17) аудиторлық қызмет және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметі саласындағы
мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

18) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес
ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел
дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді
және бекітеді.";

2) 7-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1-бап. Аудиторлық қызмет және кәсіби аудиторлық ұйымдардың
қызметі саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Аудиторлық қызмет және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметі саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады".

27. "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 24, 435-құжат; 2001 ж., N 21-22, 286-құжат; 2003 ж., N 10, 53-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 13, 86-құжат; 2007 ж., N 8, 55-құжат; 2009 жылғы 6 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құжаттамалық қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 18 - баптың 1 - тармағында:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Ұлттық мұрағат қорының құрамына жатқызылған және жеке меншік мұрағаттарда сақталатын құжаттардың сақталуын бақылау";

мынадай мазмұндағы 20) тармақшамен толықтырылсын:

"20) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеу және бекіту";

2) 18-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-1-бап. Ұлттық мұрағат қорының құрамына жатқызылған және жеке меншік мұрағаттарда сақталатын құжаттардың сақталуын мемлекеттік бақылау

1. Ұлттық мұрағат қорының құрамына жатқызылған және жеке меншік мұрағаттарда сақталатын құжаттардың сақталуын мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады".

28. "Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 2-3, 34-құжат; N 23, 931-құжат; 2002 ж., N 4, 30-құжат, 2003 ж., N 15, 121-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат):

1) 1-баптың 13)тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау - уәкілетті органның өз құзыреті шегінде өсімдіктер карантині саласындағы Қазақстан Республикасы

зандарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі;";

2) 7-баптың 1-тармағында:

16) тармақшада:

"олардың" деген сөз "оның" деген сөзben ауыстырылсын;

"сараптамасын," "тексеруді жүргізеді" деген сөздер тиісінше "сараптамасын жүргізеді және", "қарайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) тармақшадағы "сараптамасын," "тексеруді жүргізеді" деген сөздер тиісінше "сараптамасын жүргізеді және", "қарайды" деген сөздермен ауыстырылсын;";

19) тармақшадағы "тексеруді жүргізеді" деген сөздер "негізде қарайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) тармақшада:

"сараптамасын" деген сөзден кейін "жүргізеді" деген сөзben толықтырылсын;

", карантиндік құжаттарды тексеруді жүргізеді" деген сөздер "және карантиндік құжаттарды қарайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) тармақшадағы "тексеру" деген сөз "зерттеу" деген сөзben ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 30) тармақшамен толықтырылсын:

"30) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

3) 7-1-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "тексеруге" деген сөз "зерттеуге" деген сөзben ауыстырылсын;

4) 8-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау объектілеріне баруға және оларда Қазақстан Республикасының заңдары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары талаптарының сақталуы тұрғысынан зерттеп-қарау жүргізуге, өз өкілеттігін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қажетті ақпарат алуға;";

5) мынадай мазмұндағы 9-2-баппен толықтырылсын:

"9-2-бап. Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

6) 10 - бапта :

екінші бөліктегі "карантиндік тексеруді", "құжаттарын тексеруді" деген сөздер "карантиндік тексеріп-қарауды", "құжаттарын қарауды" деген сөздермен ауыстырылсын

;

ү ш і н ш і б ө л і к т е :

"жөніндегі" деген сөз "саласындағы" деген сөзбен ауыстырылсын; "және тексеру белгілеу туралы акті шығарусыз жүзеге асырылады" деген сөздер алдын тасталсын;

7) 1 2 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау обьектілері";

"бойынша" деген сөз "саласындағы мемлекеттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 1 3 - б а п т а :

4-тармақтың 5) тармақшасының үшінші абзацындағы "тексерген" деген сөз "зерттеген" деген сөзбен ауыстырылсын;

5 - т а р м а қ т а :

үшінші бөліктегі "тексереді" деген сөз "анықтайды" деген сөзбен ауыстырылсын;

алтыншы бөліктегі "тексеру" деген сөз "зерттеу" деген сөзбен ауыстырылсын;

6-тармақтың алтыншы бөлігіндегі "тексереді" деген сөз "зерттейді" деген сөзбен ауыстырылсын.

29. "Дене шынықтыру және спорт туралы" 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 24, 1065-құжат; 2003 ж., N 15, 129-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 13, 86-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 10, 69-құжат; N 20, 152-құжат):

1) 23-бап мынадай мазмұндағы 27) тармақшамен толықтырылсын:

"27) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

2) 2 4 - 2 - б а п т а :

тақырып және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24-2-бап. Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік бақылауды дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының спорт обьектілерін пайдалану, оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі талаптарының сақталуы тұрғысинаң жүзеге асырады.";

2-тармақтағы "Мемлекеттік" деген сөз "Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Дене шынықтыру саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.";
мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады".

30. "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 7, 165-құжат; 2004 ж., N 11-12, 62-құжат; N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 24, 148-құжат; 2008 ж., N 15-16, 60-құжат):

1) 5-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 17) тармақшамен толықтырылсын:

"17) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру параграфының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.":

2) 2 4 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"24-бап. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік
б а қ ы л а у " ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады".

31. "Күзет қызметі туралы" 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің, Жаршысы, 2000 ж., N 14-15, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 34-құжат; N 17, 155-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 8, 52-құжат; 2008 ж., N 12, 51-құжат):

1) 19-баптың 6-тармағының екінші сөйлемі алып тасталсын;

2) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Күзет қызметін мемлекеттік бақылау

1. Қазақстан Республикасының аумағында күзет қызметін мемлекеттік бақылауды үәкілетті орган тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырады.

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады".

32. "Әкімшілік рәсімдер туралы" 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 20, 379-құжат; 2004 ж., N 5, 29-құжат; 2007 ж., N 12, 86-құжат; N 19, 147-құжат; 2008 ж. , N 21, 97 - құжат) :

9-2-баптың бесінші абзацында:

"нормативтік құқықтық актілерде белгіленген" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында көзделген" деген сөздермен аудастырылсын;

"сәйкестігін тексеру мақсатымен" деген сөздер "сәйкестігі тұрғысынан" деген сөздермен аудастырылсын.

33. "Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 2, 12-құжат; N 15-16, 232-құжат; 2003 ж., N 19-20, 148-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат ; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 3, 20-құжат; N 9, 67-құжат; N 18, 145-құжат ; 2008 ж., N 13-14, 58-құжат; N 20, 89-құжат):

1) 6 - б а п т а :

2-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2-2) астықты экспорттаушылардың қызметін астықты экспортқа өткізу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарының сақталуы және астық нарығы мониторингі бойынша есептіліктің дәйектілігі тұрғысынан лицензиялық бақылау;" ;

3) және 3-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) астық қабылдау кәсіпорындарының: астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу; астық сақтау; астық қолхаттарының берілуі, айналысы және өтелуі қағидаларын сақтауын бақылау ;

3-1) астықты экспорттаушылардың қызметін Қазақстан Республикасының заңдарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын сақтауы тұрғысынан бақылау;" ;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) астық сапасының сараптамасы бойынша аккредиттелген зертханалардың қызметін астық сапасын сараптау және уәкілетті орган белгілеген астық сапасы паспортын беру тәртібін сақтауы тұрғысынан бақылау;" ;

мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

"20-1) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеу және бекіту;" ;

2) мынадай мазмұндағы 6-3-баппен толықтырылсын:

"6-3-бап. Астық нарығы саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Астық нарығы саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

3) 7-баптың 3-тармағының 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын :

"1) астық қабылдау кәсіпорындарына қабылдау және тиеп жіберу кезінде астық сапасының көрсеткіштерін айқындауды бақылау;

2) астықтың сандық-сапалық жай-күйін бақылау.";

4) 33-2-баптың 2-тармағының 1) тармақшасында:
бесінші абзац алғып тасталын;
алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"астықты экспорттаушылардың қызметін Қазақстан Республикасының заңдарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын сақтауы тұрғысынан бақылау".

34. "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 18-құжат; 2004 ж., N 2, 10-құжат; 2005 ж., N 7-8, 19-құжат; N 17-18, 76-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 10, 52-құжат; 2007 ж., N 2, 14, 18-құжаттар; N 3, 20-құжат; N 8, 52-құжат; N 9, 67-құжат; N 15, 106-құжат; N 20, 152-құжат; 2009 ж., N 1, 4-құжат; 2009 жылғы 6 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2009 жылғы 7 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмыспен қамту және міндettі әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 5 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 6-баптың 2-тармағының 8) тармақшасындағы "қалыптастыруға міндettі." деген сөздер "қалыптастыруға;" деген сөзben ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын :

"9) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеуге және бекітуге міндettі.";

2) 4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
"4-тарау. Халықты жұмыспен қамту саласындағы бақылау мен есептілік";

3) 22 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар";

бірінші және екінші бөліктердегі "Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен

қамту туралы заңнамасының сақталуын", "Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасын сақтауын" деген сөздер тиісінше "Халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік", "халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 22-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-1-бап. Халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады".

35. "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 13-14, 175-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; 2003 ж., N 23, 168-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 17, 139-құжат; 2008 ж., N 13-14, 57-құжат):

1) 11-бап мынадай мазмұндағы 20) тармақшамен толықтырылсын:

"20) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.;"

2) 28-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"28-1-бап. Туристік қызмет саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Туристік қызмет саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады .

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады".

36. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 243-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 6, 10-құжат; N 7-8, 19-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 15, 95-құжат; N 23, 144-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 18-құжат; N 16, 129-құжат; 2008 ж., N 21, 97-құжат; N 24, 129-құжат):

1) 3-баптың 2-тармағындағы 9) тармақшасындағы "құрылыш процесін технологиялық жағынан сүйемелдеуді қоса алғанда," деген сөздер алып тасталсын;

2) 19-бап мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) сәулет, қала құрылышы және құрылыш, мемлекеттік сәулет-құрылыш бақылауы

және лицензиялау саласындағы жергілікті атқарушы органдардың қызметіне сәulet, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның бақылауын жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;";

3) 2 0 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) сәulet, қала құрылышы және құрылыш, мемлекеттік сәulet-құрылыш бақылауы және лицензиялау саласындағы жергілікті атқарушы органдардың қызметіне бақылауды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу;";

20) тармақшаның төртінші абзацындағы "бекіту жатады." деген сөздер "бекіту;" деген сөзben ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 21) тармақшамен толықтырылсын:

"21) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру параптерының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеу және бекіту жатады.";

4) 3 1 - 1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік құрылыш инспекторлары белгіленген тексеру мерзімі туралы хабарламаны тапсырысшыға (меншік иесіне), авторлық қадағалау тобына және осы құрылыш объектісі бойынша мердігерге (бас мердігерге) тексеру басталғанға дейін бес күннен кешіктірмей жібереді.";

3-тармақтағы "тексеру" деген сөз "бақылау" деген сөзben ауыстырылсын;

6 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 7 және 8-тармақтармен толықтырылсын:

"7. Сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

8. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

5) 6 4 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "Жобалардың" деген сөз "Жобаларға" деген сөзben ауыстырылып, "техникалық регламенттерге сәйкестігіне" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлік мынадай мазмұндағы сейлеммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттілік берген заңды тұлғаның функциясын қайталауға жол берілмейді.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы 13) және 14) тармақшалармен толықтырылсын:

"13) лицензиясы бар тұлғалар орындаған және қосымша жер участекін (аумақ кесіндісін) бөлуді талап етпейтін, конструкцияның есептік беріктігін төмендетпейтін, сәулеттік-эстетикалық, өртке қарсы, жарылысқа қарсы және санитариялық сапасын

нашарлатпайтын, пайдалану кезінде қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізбейтін, ол жөнінде жоба авторының (жобаның бас инженерінің, жобаның бас сәулетшісінің) тиісті жазбасы бар, тұрғын үй ғимараттарындағы (үйлеріндегі) тұрғын үй және тұрғын үй емес үй-жайларды қайта жаңарту (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау);

14) азаматтардың жеке пайдалануына арналған техникалық жағынан күрделі емес басқа да құралғылар; ;

3-тармақ алып тасталсын;

6) 7 3 - б а п т а :
 5 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "бір айдан" деген сөздер "жеті күннен" деген сөздермен аудастырылсын;

2) тармақшадағы "жеті күннен" деген сөздер "бес күннен" деген сөздермен аудастырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Мемлекеттік қабылдау комиссиясының объектіні пайдалануға қабылдау рәсімінің ұзактығын (қабылдау мерзімдерін), салынған объектінің күрделілігіне және функционалдық арналуына, оның технологиялық және пайдалану сипаты мен параметрлеріне қарап тағайындаған кезде мемлекеттік басқару органы белгілейді.

Бұл ретте азаматтық тұрғын үй мақсатында салынған объектілер бойынша қабылдауды мемлекеттік қабылдау комиссиясы тапсырыс берушіден (құрылыш салушыдан) тиісті өтініш және жұмыс комиссиясы қол қойған акті келіп түскен кезден бастап бес жұмыс күнінен аспайтын, ал ірі (техникалық жағынан күрделі) қоғамдық үйлер мен құрылыштарды, сондай-ақ халыққа қызмет көрсету саласына жататын өндірістік циклдағы өзге де объектілерді - жеті жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асыруға міндетті.";

7) 75-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын азаматтық (қоғамдық) және коммуналдық мақсаттағы жеке тұрған объектілер. Техникалық жағынан күрделі емес, мемлекеттік инвестицияның қатысуынсыз қаржыландырылатын жеке тұрған объектілер пайдалануға осы Заңның 76-бабында белгіленген тәртіппен қабылданады;";

8) 7 8 - б а п т а :

7-тармақтың 3) тармақшасындағы "мемлекеттік өртке қарсы қадағалау" деген сөздер "мемлекеттік өртке қарсы қызмет" деген сөздермен аудастырылсын;

9-тармақтың 3) тармақшасындағы "мемлекеттік өртке қарсы қадағалау және санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау" деген сөздер "мемлекеттік өртке қарсы және санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау" деген сөздермен аудастырылсын.

37. "Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж.,

N 17-18, 246-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 14, 89-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 16, 129-құжат; 2008 ж., N 15-16, 64-құжат; N 23, 114-құжат):

1) 11-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) орталық және жергілікті атқарушы органдардың автомобиль жолдары мен жол қызметі саласындағы қызметіне жалпы басшылық жасау;" ;

2) 12-баптың 2-тармағының 15) тармақшасында:

"сақталуын бақылау" деген сөздер алып тасталсын;

"сапаны" деген сөз "сапаның сақталуын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 5-тaraу алыш тасталсын.

38. "Темір жол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 315-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 18, 110-құжат; N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 13, 87-құжат; N 14, 89-құжат; N 16, 99-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 9, 67-құжат; N 19, 148-құжат; 2008 ж., N 15-16, 64-құжат; N 24, 129-құжат; 2009 ж., N 2-3, 18-құжат):

1) 1 - б а п т а :

28) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"28) темір жол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау (бұдан әрі - көліктік бақылау) - уәкілдепті органның өз құзыреті шегінде темір жол көлігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі ; " ;

40) тармақша алыш тасталсын;

2) 14-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 26-3) тармақшамен толықтырылсын:

"26-3) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеу және бекіту;" ;

3) 66-2-бап алыш тасталсын;

4) 88-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"88-2-бап. Темір жол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Темір жол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысанарда жүзеге асырылады .

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады." ;

5) 88-3-бап алыш тасталсын.

39. "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 320-құжат; 2004 ж., N 23; 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2006 ж., N 24, 48-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 9, 67-құжат; N 18, 1 4 3 - құжат) :

5-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 30) тармақшамен толықтырылсын:

"30) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомствоның статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеу және бекіту".

40. "Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 6, 67-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; N 24, 154-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 10, 52-құжат; N 13, 86-құжат; 2007 ж., N 2, 14, 18-құжаттар; N 5-6, 40-құжат; N 9, 67-құжат; N 10, 69-құжат; N 18, 143-құжат; 2008 ж., N 10-11, 39-құжат; 2009 ж., N 8, 44-құжат):

1) 6-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес:

1) авторлық құқық пен сабактас құқықтар, өнеркәсіптік меншік, селекциялық жетістіктер, интегралдық микросхемалар топологиясы объектілерін пайдалану саласында;

2) нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндерін кейіннен жариялау саласында ведомствоның статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексеру жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

2) 22-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-1-бап. Авторлық құқық пен сабактас құқықтар, өнеркәсіптік меншік, селекциялық жетістіктер, интегралдық микросхемалар топологиясы объектілерінің пайдаланылуына мемлекеттік бақылау

1. Авторлық құқық пен сабактас құқықтар, өнеркәсіптік меншік, селекциялық жетістіктер, интегралдық микросхемалар топологиясы объектілерінің пайдаланылуына мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

2) 24-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"24-2-бап. Нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндерін кейіннен жариялау саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндерін кейіннен жариялау саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады".

41. "Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы" 2002 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 7-8, 77-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 20, 152-құжат; 2008 ж., N 6-7, 27-құжат; N 21, 97-құжат):

1) 7-бап мынадай мазмұндағы 28) тармақшамен толықтырылсын:

"28) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парагтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

2) 11-баптың 17) тармақшасы алып тасталсын;

3) 1 5 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылды:

"1. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылды:

"1-1. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

4) 15-1-баптың 3) тармақшасындағы "әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында" деген сөздер "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде" деген сөздермен ауыстырылды.

42. "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 13-14, 140-құжат; 2004 ж., N 17, 98-құжат; N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат):

1) 1-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылды:

"7) өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау (мемлекеттік фитосанитариялық бақылау) - уәкілетті органның өз құзыреті шегінде өсімдіктерді қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі";

2) 6-баптың 1-тармағының 25) тармақшасындағы "келісу енеді." деген сөздер "келісу;" деген сөзben ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 26) тармақшамен толықтырылсын:

"26) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеу және бекіту кіреді.";

3) 8-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік фитосанитариялық бақылау мақсатында мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілеріне баруға;"

4) 10-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "тексеруді" деген сөз "талдауды және сараптауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 1 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

6) 20-баптың 3-тармағының 3) тармақшасындағы "жоғын тексеру" деген сөз "жоғына талдау және сараптау" деген сөздермен ауыстырылсын.

43. "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 15, 148-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 20, 152-құжат; 2008 ж., N 24, 129-құжат):

1) 8-баптың 23) тармақшасындағы "бақылау кіреді." деген сөздер "бақылау;" деген сөзben ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 24) тармақшамен толықтырылсын:

"24) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеу және бекіту кіреді.";

2) 1 4 - б а п т а :

тақырып және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Ветеринария саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Ветеринария саласындағы мемлекеттік бақылау - уәкілетті органның лауазымды адамдарының ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы зандарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының талаптарын жеке және занды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған іс-әрекеттерінің жиынтығы.";

мынадай мазмұндағы 1-1 және 1-2-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Ветеринария саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзгеде нысандарда жүзеге асырылады.

1-2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

3-1-тармақ алып тасталсын;

3) 14-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"14-1-бап. Ветеринария саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі

1. Ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының талаптарын сақтау тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық бақылау:

1) базарларда - жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөпті және жемшөптік қоспаларды сату орындарын қоса алғанда, арнайы жабдықталған сауда орындарында;

2) жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өндіру, дайындау (сою), сақтау, өндеу және өткізу жөніндегі ұйымдарда;

3) мынадай қызмет түрлерін:

ветеринариялық емдеу-профилактикалық;

ветеринариялық мақсаттағы препараттарды өндіру мен өткізуді;

ветеринариялық мақсаттарға арналған биологиялық препараттарды, зоогигиеналық құралдар мен зооветеринариялық мақсаттағы атрибуттарды өткізу;

базарлардағы ветеринариялық-санитариялық сараптаманы жүзеге асыратын тұлғаларда;

4) мемлекеттік монополияға жатқызылған қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған респубикалық мемлекеттік кәсіпорындарда;

5) шекаралық және кедендік пункттерде (Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде) Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы мемлекеттік ветеринариялық бақылау бақылайтын жүктөрдің орнын ауыстыру кезінде;

6) мемлекеттік ветеринариялық бақылауға жататын жүктөрді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиेу, түсіру кезінде;

7) жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-тую материалдарының барлық түрлері бойниша;

8) тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруты өтетін мал айдалатын жолдарда, маршруттарда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында;

9) мемлекеттік ветеринариялық бақылауға жататын жүктөрді өсіретін, сақтайтын, өндейтін, өткізетін немесе пайдаланатын, сондай-ақ ветеринария саласындағы қызметті

жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік үй-жайларында және қызметіне;

10) мемлекеттік ветеринариялық бақылауға жататын жүктөрді ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндірге, дайындауға (союға), сақтауға, өңдеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық бақылау объектілерін орналастыру, салу, қайта жаңғырту және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуына жүзеге асырылады.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) - 10) тармақшаларында көрсетілген объектілерде ветеринария саласындағы мемлекеттік бақылауды тиісті аумақтардың мемлекеттік ветеринариялық инспекторлары ілеспе ветеринариялық құжаттарды қарауды қоса алғанда, тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырады.

3. Базарларда, жануарларды өсіру, дайындау (сою), сақтау, пайдалану, өңдеу және өткізу жөніндегі ұйымдарда, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты шекаралық және кедендік пункттерде (Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы ветеринария саласындағы мемлекеттік бақылауға жататын жүктөрдің орнын ауыстыру кезінде ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының жануарлардың жүқпалы ауруларының белен алуын болғызыбау, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының аумағын жануарлардың аса қауіпті және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау жөніндегі талаптарының сақталуы нысанасында ветеринария саласындағы мемлекеттік бақылау күн сайын өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы нормаларының сақталуын тексеру нәтижелері бойынша тексеруші мемлекеттік ветеринариялық инспектор, тиісті мемлекеттік органдардың объектілерін ветеринария саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар бөлімшелерінің ветеринариялық инспекторларын қоспағанда, тексеру актісін жасайды.

Ветеринария саласындағы мемлекеттік бақылауға жататын объектілерді мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарының нәтижелері бойынша ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда, тиісті мемлекеттік органдардың объектілеріне ветеринария саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар бөлімшелерінің ветеринариялық инспекторларын қоспағанда, тексеруші мемлекеттік ветеринариялық инспектор, Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының талаптарын анықталған бұзушылыққа қарай нұсқама жасайды, жеке

кәсіпкерлік субъектісін әкімшілік жауаптылықта тартпастан, оған бұзушылықтарды жою тәртібін міндепті түрде түсіндіре отырып, жануарлар мен адамның денсаулығына ерекше қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынған өнімдер мен шикізаттарды алып қою туралы қаулы шығарады.

5. Ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда мемлекеттік ветеринариялық инспектор тексеру нәтижелері бойынша өз құзыretі шегінде айқындалған бұзушылықтардың сипатына қарай әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы нұсқама жасайды, әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарады.

6. Тексеру актісі "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалады.

Тексеру актісі үш (ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының талаптарын бұзушылық анықталған жағдайда - төрт) данада жасалады және оған тексеру жүргізген тиісті аумақтың мемлекеттік ветеринариялық инспекторы қол қояды.

Актінің бірінші данасын тексеруші мемлекеттік ветеринариялық инспектор құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы мемлекеттік органға және оның аумақтық органдарына тапсырады, екінші данасы тексерілетін адамға қолын қойғызып, беріледі, үшінші данасы тексеруші мемлекеттік ветеринариялық инспекторда қалады, ал төртіншісі сотқа талап-арыз беру үшін тиісті аумақтың ветеринариялық инспекторына беріледі. Тексерілетін адам актіні қабылдаудан бас тартқан жағдайда актінің тиісті данасы поштамен жіберіледі.

7. Ветеринария саласындағы мемлекеттік бақылау актісі нөмірленген, тігілген және ветеринария саласындағы уәкілдегі мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің, ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың ветеринариялық бөлімшелерінің мөрімен бекітілген болуға тиіс арнайы тексеру актілерін тіркеу журналында тіркеледі".

44. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 17, 154-құжат; 2004 ж., 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 19-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; 2007 ж., N 9, 67-құжат; N 20, 152-құжат):

1) 7-баптың 1-тармағының 7) тармақшасындағы "айқындау жатады." деген сөздер "айқындау;" деген сөзben ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсЫН:

"8) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеу және бекіту жатады.";

2) 52-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"52-бап. Баланың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Баланың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған және оны уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шеғінде жүзеге асырады.

2. Жеке және заңды тұлғалардың баланың құқықтарын іске асыруға бағытталған қызметі баланың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау объектісі болып табылады.

3. Баланың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

4. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады".

45. "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 1-2, 1-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2009 жылғы 6 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құжаттамалық қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 4-баптың 2) тармақшасы алып тасталсын;

2) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді;

3) мемлекеттік органдар мен ұйымдарға электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба мәселелері бойынша практикалық және әдістемелік көмек көрсетеді;

4) электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының талаптарын сақтау тұрғысынан электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензиялануға жататын қызмет

түріне өз құзыреті шегінде лицензия береді;

6) куәландыруши орталықтың үлгі ережесін әзірлеп, бекітеді;

7) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

3) мынадай мазмұндағы 5-1-баппен толықтырылсын:

"5-1-бап. Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.".

46. "Тұқым шаруашылығы туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 3, 16-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 24, 148 -құжат):

1) 6-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 28) тармақшамен толықтырылсын:

"28) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

2) 8-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тұқым шаруашылығы туралы Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының сақталуы тұрғысынан мемлекеттік бақылау мақсатында тұқым шаруашылығының субъектілеріне баруға және олардан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыру мәселелері бойынша ақпарат алуға";

3) 9-бап мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

5. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

4) 14-баптың 2-тармағының 9) тармақшасы алып тасталсын.

47. "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж.,

N 15, 134-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 19-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 16, 129-құжат; 2008 ж., N 23, 114-құжат);

1) 1 - б а п т а :

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"24) автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау (бұдан әрі - көліктік бақылау) - уәкілетті органның өз құзыretі шегінде автомобиль көлігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған

қызметі ; ";

26) тармақша алып тасталсын;

2) 13-бап мынадай мазмұндағы 19) тармақшамен толықтырылсын:

"19) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру параптаратының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

3) 19-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-2-бап. Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылаудың түрлері

1. Көліктік бақылау мына түрлерге бөлінеді:

1) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының өтуін бақылау ;

2) автомобиль көлігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, Қазақстан Республикасы ратификациялаған, автомобиль көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын халықаралық шарттар талаптарының, сондай-ақ автокөлік қызметтерін көрсету саласындағы лицензиялық қағидалардың сақталуы тұрғысынан бақылау.

2. Тексеру жүргізу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, тасымалдаушының және көлік кәсіпорнының қызметін тоқтатпауға

тиіс .

3. Автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысанарда жүзеге асырылады.

4. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысанарды осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

4) 19-3-бап алып тасталсын.

48. "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 5, 26-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 16, 100-құжат; 2007 ж., N 8, 52-құжат):

1) 5-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын өзірлейді және бекітеді;";

2) 5 - 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің 3) тармақшасы алып тасталсын;

4) тармақшаның екінші - төртінші бөліктегі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өсімдік шаруашылығындағы міндепті сақтандыру саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады".

49. "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 6, 44-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 23, 141-құжат):

33-бап алып тасталсын.

50. "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 14, 81-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 15, 95-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 3, 20-құжат, N 19, 148-құжат; 2008 ж., N 20, 89-құжат; 24, 129-құжат):

1) 8-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8-3) тармақшамен толықтырылсын:

"8-3) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын өзірлеу және бекіту;";

2) 5-1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-1-тарау. Қазақстан Республикасының аумағындағы байланыс және радиобақылау саласындағы мемлекеттік бақылау";

3) 28-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"28-1-бап. Байланыс саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Байланыс саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады .

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады".;

4) 28-2 , 28-3 және 28-4-баптар алып тасталсын;

5) 28-5-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде:

"құжаттамасын және өлшемдеріне рұқсаттарын (құжаттамалық бақылау) тексеру" деген сөздер "құжаттамасына және өлшемдеріне құжаттық бақылау жүргізу" деген сөздермен аудистрылсын;

"тексеру" деген сөз "бақылау" деген сөзben аудистрылсын.

51. "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 15, 88-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 23, 141-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 9, 67-құжат; N 18, 143-құжат; N 20, 152-құжат):

1) 7 - б а п т а : .

тақырыптың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады .

Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

2) 9-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 27-2) тармақшамен толықтырылсын:

"27-2) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеу және бекіту;".

52. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 18, 107-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; 2008 ж., N 23, 114-құжат):

1) 1-баптың 25-1) тармақшасы алып тасталсын;

2) 9-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 26) тармақшамен толықтырылсын:

"26) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

3) 49-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

4) 52-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) объектілерге жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары талаптарының сақталуы тұрғысынан бақылау мақсатында баруға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметі туралы ақпарат алуға;".

53. "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 17, 102-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 7, 38-құжат; N 13, 87-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 19, 148-құжат; 2008 ж., N 15-16, 64-құжат; N 24, 129-құжат):

1) 5-бап мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді;";

2) 6 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады . " ;

4, 5, 6 және 7-тармақтар алып тасталсын.

54. "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 21, 124-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 15, 92-құжат; N 24, 148-құжат; 2008 ж., N 15-16, 60-құжат):

1) 7-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді;";

2) 39-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

3) 40-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
"1) техникалық реттеу саласындағы объектілерге техникалық реттеу саласындағы
Қазақстан Республикасының заңдары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің
қаулылары талаптарының сақталуы түрғысынан бақылау мақсатында баруға;".

55. "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005
жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы
Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., N 7-8, 18-құжат; 2006 ж., N 15, 92-құжат; 2007 ж., N
2, 18-құжат; N 20, 152-құжат; N 24, 178-құжат):

1) 7 - б а п т а :
 1 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес
ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру параграфының нысандарын, тәуекел
дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулар жоспарларын әзірлейді
және бекітеді ; " ;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге
а с ы р а д ы . " ;

2-тармақтың 7) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының мүгедектерді
әлеуметтік қорғау саласындағы заңнамасының сақталуын" деген сөздер "мүгедектерді
әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 37-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"37-бап. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік
бақылау

1. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды халықты
әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері жүзеге
а с ы р а д ы .

2. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру
нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

3. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес
жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес
жүзеге асырылады.".

56. "Жеке кәсіпкерлік туралы" 2006 жылғы 31 қантардағы Қазақстан
Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж.,
N 3, 21-құжат; N 16, 99-құжат; N 23, 141-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 3, 20-құжат,
N 17, 136-құжат; 2008 ж., N 13-14, 57, 58-құжаттар; N 15-16, 60-құжат; N 23, 114-құжат;
N 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., N 2-3, 18, 21-құжаттар; 2009 жылғы 8 мамырда "
Егемен Қазақстан" және 2009 жылғы 9 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде
жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тауар

биржалары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; 2009 жылғы 8 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2009 жылғы 9 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ; 2009 жылғы 12 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық сала мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 8 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бизнес-инкубатор - шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасуы кезеңінде өндірістік үй-жайлар, жабдық беру, ұйымдық, құқықтық, қаржылық, консалтинглік және ақпараттық қызметтер көрсету жолымен оларды қолдау үшін құрылатын заңды тұлға ;

2) бизнестің әлеуметтік жауаптылығы - жеке кәсіпкерлік субъектілерінің әлеуметтік , экономикалық және экологиялық салаларда қоғамды дамытуға қосқан ерікті үлесі;

3) дара кәсіпкер - дара кәсіпкерлікті заңды тұлға құрмaston жүзеге асыратын және осы Заңның 6-бабының 3 және 7-тармақтарында көрсетілген критерийлерге сай келетін Қазақстан Республикасының азаматы немесе оралман;

4) дара кәсіпкерлік - жеке тұлғалардың кіріс алуға бағытталған, жеке тұлғалардың өздерінің меншігіне негізделген және жеке тұлғалардың атынан олардың тәуекелі үшін және мұліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын бастамашылық қызметі;

5) жеке кәсіпкерлік - жеке кәсіпкерлік субъектілерінің кіріс алуға бағытталған, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өздерінің меншігіне негізделген және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің атынан олардың тәуекелімен және мұліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын бастамашылық қызметі;

6) жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік бақылау - мемлекеттік органдардың өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаууларының талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі;

7) жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау - Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік бастаманы іске асыру үшін жеке кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру, қолайлы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайлар жасау жөніндегі мемлекеттік шаралар кешені ;

8) жеке кәсіпкерліктің инфрақұрылымы - өз ісін үйымдастыруға жәрдемдесуді, құқық, маркетинг, инжиниринг және менеджмент саласындағы ақпаратпен қамтамасыз

етуді, коммерциялық негізде материалдық-техникалық, қаржылық және басқа да ресурстармен қамтамасыз етуде қолдауды қоса алғанда, жеке кәсіпкерліктің жұмыс істеуі мен дамуының жалпы шарттарын қамтамасыз ететін, құрылатын немесе жұмыс істеп тұрған ұйымдар кешені;

9) жеке кәсіпкерлік субъектілері - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалар;

10) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестігі - жеке кәсіпкерлік субъектілері өздерінің кәсіпкерлік қызметтің үйлестіру, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын, заңды мұдделерін білдіру және қорғау қорғау үшін құратын коммерциалық емес ұйым;

11) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін аккредиттеу - кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кенестерде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мұдделерін білдіруге белгіленген критерийлерге жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің сәйкестігін тиісті мемлекеттік органдардың тануы;

12) индустримальық аймақ - коммуникациялармен қамтамасыз етілген, мемлекет жеке кәсіпкерлік субъектілеріне өнеркәсіп объектілерін орналастыру және пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Жер кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен беретін ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жер;

13) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган - жеке кәсіпкерлікті дамыту саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

14) кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кенес (бұдан әрі - сараптамалық кенес) - орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы және өкілді органдар жанынан:

жеке кәсіпкерлік мұдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларына жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінен және мұдделі коммерциялық емес ұйымдардан сараптамалық қорытындылар алу;

жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау, оның ішінде әкімшілік кедергілерді жою мақсатында мемлекеттік органдардың қызметтің жетілдіру туралы ұсыныстарды талдап-әзірлеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін құрылатын консультативтік-кеңесші орган;

15) келушілер мен тексерулерді есепке алу кітабы - мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының тексеру (бақылау) жүргізу фактісі туралы лауазымын, тегін және тексеру нысанасын көрсете отырып, міндетті түрде белгі қою үшін уәкілетті орган белгілеген үлгідегі журнал;

16) коммерциялық құпия - жеке кәсіпкерлік субъектің айқындастырын және қорғайтын, заңды негізде еркін қол жеткізуге адамдардың шектеулі тобы ие болатын, жариялануы, алынуы, пайдаланылуы оның мұдделеріне залал келтіруі мүмкін ақпарат;

17) шағын кәсіпкерлікті қолдау орталықтары - оқытуды, ақпараттық қамтамасыз

етуді, консультациялық және маркетингтік қызметтер көрсетуді, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларына құқықтық, экономикалық және технологиялық сараптама жасауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар.";

2) 2-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлік туралы заңнамасы жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылмайтын жеке және заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік органдар жүзеге асыратын тексерулерге қолданылады.";

3) 4-баптың 1-тармағындағы "жеке кәсіпкерлікке әкімшілік етуді енгізу жолымен" деген сөздер алғы тасталсын;

4) 5 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Орталық мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мұдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасын сараптамалық қорытынды алу үшін, оның ішінде осы жобаны мұдделі мемлекеттік органдармен келесі әрбір келісу кезінде түсіндірме жазбаны міндетті түрде тіркей отырып, сараптамалық кеңестер арқылы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктеріне жібереді.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мұдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасына сараптамалық қорытынды ұсыну үшін мемлекеттік органдар белгілейтін мерзім жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктеріне жоба келіп түскен кезден бастап он жұмыс күнінен аз болмауға тиіс.";

3-тармақтың үшінші, төртінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"облыстық деңгейде - жеке кәсіпкерлік субъектілерінің республикалық, облыстық бірлестіктерінің филиалдары, шағын кәсіпкерлік жөніндегі республикалық, облыстық бірлестіктердің филиалдары ;

қалалық, аудандық деңгейлерде - жеке кәсіпкерлік субъектілерінің республикалық, облыстық, қалалық, аудандық бірлестіктерінің филиалдары, шағын кәсіпкерлік жөніндегі республикалық, облыстық, қалалық, аудандық бірлестіктердің филиалдары та б ы с е т е д і . " ;

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері сараптамалық қорытындыларды мемлекеттік тілде және орыс тілінде береді.";

5 - т а р м а қ т а :

екінші бөліктегі "бірлестігіне" деген сөз "аккредиттелген бірлестігіне" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктері нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша ескертпелері бар бір сараптамалық қорытынды

ұсынған және осы бірлестік сараптамалық кеңестің отырысын өткізуді табанды түрде талап еткен жағдайда, осындай отырыстың өткізілуі міндетті болып табылады.

Бұл ретте сараптамалық кеңестің отырысы сараптамалық кеңес мүшелерін тікелей шақыру арқылы не нақты уақыт режимінде интернет-конференция өткізу арқылы өткізілуі мүмкін.;

5) 6 - б а п т а :

4-тармақтың жетінші абзацы алып тасталсын;

7-тармақтағы "аспайтын және" деген сөздер "аспайтын немесе" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 8-баптың 1-тармағының 11) тармақшасындағы "енгізуге құқылы." деген сөздер "енгізуге;" деген сөзben ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы жобаларды іске асыру немесе оған қатысу жолымен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі шараларын өз қызметінде қолдануға құқылы.>";

7) 1 4 - б а п т а :

4) тармақшадағы "және жергілікті атқарушы органдар" деген сөздер "жергілікті өкілді және атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "мемлекеттік мұқтаждар үшін" деген сөздер "Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызметтер көрсету саласын дамыту үшін меншікке кейіннен өтеусіз бере отырып мемлекеттік меншіктің пайдаланылмайтын объектілерін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктік жалға (жалдауға) немесе сенімгерлік басқаруға беру тәртібін айқындаиды";

8) 1 5 - б а п т а :

тақырыптағы "Үәкілетті органның" деген сөздер "Кәсіпкерлік жөніндегі үәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзацтағы "Үәкілетті орган" деген сөздер "Кәсіпкерлік жөніндегі үәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақша ", Қазақстан Республикасының Үкіметіне кәсіпкерлікті дамытудың жылдық есебін жібереді" деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мен қорғау саласындағы бақылауды жүзеге асырады";

мынадай мазмұндағы 20) және 21) тармақшалармен толықтырылсын:

"20) үәкілетті мемлекеттік органдар әзірлейтін тәуекелдерді бағалау критерийлерін, ведомстволық статистикалық есептіліктің және тексеру парагтарының нысандарын

бірлесіп бекіту арқылы мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін енгізу процесін үйлестіруді жүзеге асырады;

21) осы Заңға сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласында ведомствоның статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, тексерулер жүргізудің жыл сайынғы жоспарын әзірлейді және бекітеді.";

9) 18-баптың 3-тармағының сегізінші абзацындағы "мемлекеттік мұқтаждар үшін" деген сөздер "Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 0) 1 9 - б а п т а :

2-тармақтың 5) тармақшасындағы "өнеркәсіп өндірісін" деген сөздер "өндірістік қызметті" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) кепілдік берілген көлемін сатып алып алат.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) номенклатурасын және олардың көлемін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындейды";

6-тармақтың үшінші бөлігі алып тасталсын;

7-тармақтағы "өнеркәсіп өндірісін" деген сөздер "өндірістік қызметті" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 1) 2 3 - б а п :

"құруға" деген сөзден кейін "және олардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге" деген сөздермен толықтырылсын;

"жарнамасын" деген сөзден кейін ", сондай-ақ осы ақпаратты жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мұдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты жаңартып отыруды" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 24-баптың 1-тармағының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қалалық, аудандық деңгейлерде - жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қалалық, аудандық бірлестіктерін, шағын кәсіпкерлік жөніндегі қалалық, аудандық бірлестіктер түрінде кәсіпкерлер бірлестіктерін құрады.";

13) 25-баптың 2-тармағының үшінші және төртінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"облыстық деңгейде - жеке кәсіпкерлік субъектілерінің республикалық, облыстық бірлестіктерінің филиалдары, шағын кәсіпкерлік жөніндегі республикалық, облыстық бірлестіктер филиалдары;

қалалық, аудандық деңгейлерде - жеке кәсіпкерлік субъектілерінің республикалық,

облыстық, қалалық, аудандық бірлестіктерінің филиалдары, шағын кәсіпкерлік жөніндегі республикалық, облыстық, қалалық, аудандық бірлестіктерінің филиалдары жатады.";

1 4) 2 6 - б а п т а :

1) 1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын: "Сараптамалық кеңестің отырысы бір тоқсанда кемінде бір рет жүргізіледі.";

мынадай мазмұндағы 3-1 және 3-2-тармақтармен толықтырылсын:

"3-1. Сараптамалық кеңестің нормативтік құқықтық актілердің жобасын қарауы осы Заңның 5-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, оны сараптамалық кеңестің мүшелеріне жіберу арқылы отырыс өткізбестен жүзеге асырылуы

мұмкін.

3-2. Егер жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мұдделерін қозгайтын мәселе тиісті мемлекеттік органның құзыретіне жататын болса, осында кез келген мәселе сараптамалық кеңестің қарауына шығарылуы мүмкін.";

5 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлік "мониторингін" деген сөзден кейін "кәсіпкерлік жөніндегі" деген сөздермен

толықтырылсын;

екінші бөліктегі "Үәкілетті органның" деген сөздер "Кәсіпкерлік жөніндегі үәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 28-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Орындалмаған міндеттемелері жоқ және мемлекеттік органдар төмен немесе орташа дәрежедегі тәуекел санатына жатқызған жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен қайта ұйымдастырудың және ерікті таратудың онайлатылған тәртібі белгіленеді.";

16) 7-тараудың тақырыбындағы "әкімшілік ету" деген сөздер "реттеу" деген сөзben ауыстырылсын;

17) 29-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"29-бап. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің мақсаттары мен түрлері

1. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің мақсаттары жеке кәсіпкерлік субъектісі өндіретін және өткізетін өнімнің адамдар өмірі мен денсаулығына қауіпсіздігін, олардың мұліктік мұдделерін қорғауды, қоршаған ортаға қауіпсіздігін, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мемлекеттің мұліктік мұдделерін қорғау болып табылады.

2. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің түрлері:

1) Қазақстан Республикасының заңдарымен жеке кәсіпкерліктің субъектілеріне, сондай-ақ өнімдеріне, процестеріне талаптар белгілеу;

2) сәйкестікті, тексеру, калибрлеу және сынақ зертханаларын (орталықтарын) растау жөніндегі органдарды аккредиттеу;

3) өнімнің, процестердің жекелеген түрлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін міндettі растау;

4) жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік бақылау;

5) лицензиялау, сертификаттау, аккредиттеу және рұқсаттардың өзге де түрлерін б е р у ;

6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру;

7) Қазақстан Республикасының заңдарымен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің, мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды адамдарының жауапкершілігін белгілеу.";

18) 33-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"33-бап. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік бақылау

1. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік бақылау, өнімдерге, процестерге Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен белгіленген талаптардың және өнімдердің жекелеген түрлерінің, процестердің сәйкестігін растау жөніндегі талаптардың орындалуы мемлекеттік әкімшілік ету мақсаттарына қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайларда б е л г і л е н е д і .

2. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін мемлекеттік бақылау:

1) ұйымдастырылу және жүргізу тәртібі осы Заңда айқындалатын тексерулер;

2) ұйымдастырылу және жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалатын алдын алу-профилактикалық сипаты бар бақылаудың өзге де нысандарында жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарын бақылау және (немесе) қадағалау функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті органдар бақылау объектілеріне (субъектілеріне) келместен, тәуекелдерді бағалау жүйесінің бекітілген критерийлерін ескере отырып, қажеттілік пен жеткіліктілік принциптеріне сәйкес жүргізеді.

Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарын жүргізген кезде жеке кәсіпкерлік субъектісін алдын ала хабардар ету және өз құзыretі шегінде құқықтық статистика және арнаулы есеп саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органда (бұдан әрі - құқықтық статистика органы) тіркеу талап етілмейді.

Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарының түріне қарай оның қорытындылары бойынша бұзушылық анықталған жағдайда жеке кәсіпкерлік субъектісін әкімшілік жауаптылық туралы істі қозғамастан, бірақ оған бұзушылықты жою тәртібін міндettі түрде түсіндіре отырып, қорытынды материалдар (анықтама, нұсқама және басқа да) жасалуы мүмкін.

4. Осы Заңның 37-бабын, 39-бабының 2 және 3-тармақтарын, 41-бабын қоспағанда, осы баптың және осы Заңның 8-тарауының күші:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтумен;

2) Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 59-тарауында көзделген талаптарды қоспағанда, кеден ісі саласындағы мемлекеттік бақылаумен;

3) кедендік шекараны кесіп өткен кездегі өсімдіктер карантині бақылауын, санитариялық-карантиндік, ветеринариялық бақылауды жүргізумен;

4) жол қозғалысы қауіпсіздігі талаптарын сақтаумен;

5) көліктегі қауіпсіздік талаптарын сақтау тұрғысынан көліктік бақылау бекеттерінде автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп етүімен;

6) кеме иелелерінің және шағын көлемді кемелер әкипаждары мүшелерінің Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі және сауда мақсатында теңізде жүзу туралы зандарына сәйкес шағын көлемді кемелерді қауіпсіз түрде пайдалану жөніндегі талаптарын орындауды бақылаумен;

7) жеке тұлғалардың азаматтық қаруды сақтау, тағып жүру және пайдалану талаптарын сақтаумен;

8) базарларда, жануарлардан, өсімдіктерден алынатын өнімдер мен шикізаттарды бір технологиялық циклде өндіруді, дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді жүзеге асыратын ұйымдарда ветеринария және өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік бақылауды жүзеге асырумен;

9) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды және мемлекеттік орман қоры аумағында орман қорын күзету, қорғау, оны пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы талаптардың сақталуына, сондай-ақ жануарлар және өсімдіктер дүниесі объектілерінің санкциясыз алып қойылуын бақылауды жүзеге асырумен;

10) карантиндік аймақтарды және қолайсыз мекендерде жануарлар мен құстардың аса қауіпті аурулары бойынша іс-шараларды бақылаумен;

11) жеке тұлғалардың әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігі талаптарын сақтаумен;

12) ішкі істер органдарының жүргізілетін жедел-профилактикалық іс-шаралары шенберінде қарудың, жарылғыш және улы заттардың, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың, азаматтық, пиротехникалық заттардың және олар қолданылған бұйымдардың заңды айналымы саласындағы бақылаумен;

13) акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін өндіруді жүзеге асыратын субъектінің аумағында Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес орнатылған акциздік бекеттер арқылы бақылаумен;

14) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының талаптарын сақтаумен;

15) Қазақстан Республикасының қаржы заңнамасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қаржылық ұйымдар мен қаржы нарығының қызметін реттейтін заңнамасын сақтаумен;

16) Қазақстан Республикасы бюджет заңнамасының, сондай-республикалық

бюджеттің атқарылуын реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтаумен байланысты қатынастарға қолданылмайды.";

19) 35-баптағы "әкімшілік ету" деген сөздер "реттеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 0) 3 7 - б а п т а : :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасындағы жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік бақылау:

1) з а н д ы л ы қ ;

2) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің адалдық презумпциясы;

3) ж а р и я л ы л ы қ ;

4) бәрінің заң мен сот алдындағы теңдігі;

5) мемлекеттік органдар лауазымды адамдарының кәсіптік біліктілігі мен құзыреттілігі;

6) лауазымдық міндеттерін орындағаны не тиісінше орындағаны және олардың өз өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны үшін мемлекеттік органдар лауазымды адамдарының жауаптылығы;

7) жазалау алдында құқық бұзушылықты болғызбаудың басымдығы;

8) қажеттілік пен жеткіліктілік ;

9) мемлекеттік органдар арасында бақылау өкілеттіктерінің аражігін ажырату;

10) адаптациянда шоғырландыру;

11) жеке кәсіпкерлік субъектілері мен тұтынушылардың өздерінің заңды құқықтарын өз бетінше қорғау қабілеттілігін арттыру;

12) мемлекеттік бақылау жүйесінің есептілігі мен ашықтығы принциптеріне негізделеді . " ;

4-тармақ "Мемлекеттік органдарға" деген сөздерден кейін "осы Заңын 38-бабының 1-тармағында көзделген нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

21) мынадай мазмұндағы 37-1-баппен толықтырылсын:

"37-1-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру түрлері
және оларды тағайындау негіздері

1. Жеке кәсіпкерлік субъектісін тексеру - мемлекеттік бақылау нысандарының бірі, оны бақылау және (немесе) қадағалау функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдар мынадай іс-әрекеттерді:

1) мемлекеттік орган лауазымды адамының тексерілетін объектіге баруын;

2) мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарын жүргізу кезінде қажетті ақпаратты талап етуді қоспағанда, тексеру нысанасына қатысы бар қажетті ақпаратты сұрату;

3) жеке кәсіпкерлік субъектісінің Қазақстан Республикасының заңдарының және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының талаптарын сақтауы туралы ақпарат

алу мақсатында жеке кәсіпкерлік субъектісін шақырту арқылы жүргізеді.

Тексерудің нысанасы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің Қазақстан Республикасы зандарының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларының талаптарын сақтауы болып табылады.

2. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру мынадай турлерге:

1) жоспарлы;

2) жоспарлы емес болып бөлінеді.

Жоспарлы тексеру - бақылау және (немесе) қадағалау функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік орган уәкілетті органның тәуекелдерді бағалау жүйесіне сәйкес және адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және занды тұлғалардың, мемлекеттің занды мұдделеріне төнген қатердің алдын алу мақсатында алдыңғы тексерулерге қатысты белгіленген уақыт аралықтарын ескере отырып бекіткен тексерулер жоспары негізінде жеке кәсіпкерліктің нақты субъектісіне қатысты тағайындағындайтын тексеру.

Жоспардан тыс тексеру - бақылау және (немесе) қадағалау функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік орган адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және занды тұлғалардың, мемлекеттің занды мұдделеріне тікелей төнген қатердің алдын алу мақсатында жеке кәсіпкерліктің нақты субъектісіне қатысты тағайындағындайтын тексеру.

Жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер бірнеше жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты мынадай:

1) салық органында тіркеу есебіне қою;

2) бақылау-кассалық машиналардың болуы;

3) этил спиртін босатуға лицензияның, рұқсаттың, патенттің, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 574-бабында көрсетілген тіркеу карточкасының болуы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарын сақтау жөнінде ғана бір мезгілде жүргізіледі.

Жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер ішкі еңбек тәртібі қағидаларында белгіленген жеке кәсіпкерлік субъектісінің жұмыс уақытында жүзеге асырылады.

3. Жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер:

1) кешенді тексерулер;

2) тақырыптық тексерулер болып бөлінеді.

Бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті бірнеше мемлекеттік орган жеке кәсіпкерлік субъектісін тексеруді біrmезгілде жүргізуі қажет болған кезде осы органдардың әрқайсысы тексеруді тағайындау туралы актіні ресімдеуге және оны құқықтық статистика жөніндегі органда тіркетуге міндетті.

Бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті бір ғана мемлекеттік орган бір ғана сол мәселелер шеңбері бойынша жеке кәсіпкерліктің бірнеше субъектісін тексеруі қажет болған кезде осы орган жеке кәсіпкерліктің әрбір

субъектісіне тексеруді тағайындау туралы актіні ресімдеуге және оны құқықтық статистика органында тіркетуге мынадай мәселелер:

- 1) салық органында тіркеу есебіне қою;
- 2) бақылау-кассалық машиналардың болуы;

3) этил спиртін босатуға лицензияның, рұқсаттың, патенттің, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 574-бабында көрсетілген тіркеу карточкасының болуы мәселелері бойынша жүргізілетін тексерулерді қоспағанда, міндettі.

Кешенді тексеру - жеке кәсіпкерлік субъектісінің қызметін оның Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының талаптарын сақтау жөніндегі мәселелер кешені бойынша тексеру.

Тақырыптық тексеру - жеке кәсіпкерлік субъектісінің қызметін Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының талаптарын сақтау жөніндегі жекелеген мәселелер бойынша тексеру.

4. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жоспарлы тексерулер жүргізуудің жыл сайынғы жиынтық жоспарын қалыптастыруы үшін уәкілетті мемлекеттік органдар жыл сайынғы тексеру жүргізу жоспарларын жоспарлы тексеру жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейінгі мерзімде құқықтық статистика органына ж і б е р е д і .

5. Жыл сайынғы тексеру жүргізу жоспарларын өзгертуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жоспарлы тексерулер жүргізуудің жыл сайынғы жиынтық жоспарын ағымдағы құнтізбелік жылдың 25 желтоқсанына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми сайтына орналастырады.

6. Уәкілетті мемлекеттік орган тәуекелдерді бағалау жүйесі іс-шараларының нәтижелері негізінде бекіткен жоспар жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жоспарлы тексеру тағайындау үшін негіз болады.

7. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін жоспардан тыс тексеруге:

1) тексерудің нәтижесінде және мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарының нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың (қаулылардың, ұсынулардың, хабарламалардың) орындалуын бақылау;

2) жеке және заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан, Қазақстан Республикасы Парламентінің және жергілікті өкілді органдардың депутаттарынан адамдардың өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне елеулі зиян келтірілгені не зиян келтіру қатері туралы ақпарат пен өтініштер алу;

3) тексеруді жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат алу мақсатында, тексерілетін жеке кәсіпкерлік субъектісінің азаматтық-құқықтық қатынастары болған үшінші тұлғага қатысты жүргізілетін қарсы тексеру;

4) жеке кәсіпкерлік субъектісінің өз қызметіне тексеру жүргізу туралы

б а с т а м а ш ы л ы қ

ө т і н і ш і ;

5) жеке кәсіпкерлік субъектісіне қатысты жоспарлы тексеру жүргізу белгіленбесе, оны **қ а й т а** **ұ й ы м д а с т ы р у ;**

6) жеке кәсіпкерлік субъектісінің бастапқы тексеруге келіспейтіні туралы өтінішіне байланысты **қ а й т а л а м а** **т е к с е р у ;**

7) Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген н е г і з д е р ;

8) салық төлеушілердің өтініштері, Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 627-бабында айқындалған мәліметтер мен мәселелер негіз болып табылады.

8. Жоспардан тыс тексерулер иесі бүркемеленген өтініштер болған жағдайларда жүргізілмейді.

9. Жоспардан тыс тексерулерге осы жоспардан тыс тексеруді жүргізу үшін негіз болған **фактілер** мен **мән-жайлар** жатады.

10. Эпидемия, карантиндік объектілер ошақтары, инфекциялық, паразиттік аурулар таралу, уланулар туындаған немесе олардың туындау қатері төнген жағдайларда объектілерге жоспардан тыс тексеру алдын ала хабардар етпестен және тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеместен, оны кейіннен құқықтық статистика органына келесі жұмыс күні ішінде табыс ете отырып жүргізіледі.

11. Бақылаушы және тіркеуші органдар орналасқан жерден шалғайда тұрған объектілерде немесе субъектілерде жоспардан тыс тексеру жүргізуге негіз бары анықталған жағдайда жоспардан тыс тексеру алдын ала хабардар етпестен және тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеместен, оны кейіннен құқықтық статистика органына келесі бес жұмыс күні ішінде табыс ете отырып жүзеге асырылады.

12. Жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізу үшін санамаланған негіздер заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелеріне, резидент емес заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелеріне, қызметін әділет органдарында тіркелмей жүзеге асыратын резидент емес заңды тұлғаларға қатысты қолданылады.";

22) 38-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"38-бап. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді ұйымдастыру мен жүргізудің жалпы тәртібі

1. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді ұйымдастыру мен жүргізу тәртібі осы Заңға **с ә й к е с** **ж ү з е г е** **а с ы р ы л а д ы .**

Мемлекеттік органдар міндепті ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарына, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлеріне, тексерулер жоспарына, тексерулер жүргізудің жылдық жоспарына қатысты актілерді әзірлейді және **б е к і т е д і .**

Тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері, ведомстволық статистикалық есептіліктің және тексеру парақтарының нысандары міндепті түрде кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен **к е л і с у** **р ә с і м і н е н** **ө т е д і .**

2. Бақылау және (немесе) қадағалау функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік орган жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексерулер санының, сондай-ақ тексеру парактарына сәйкес анықталған бұзушылықтардың және олар бойынша қабылданған әкімшілік ықпал ету шараларының ведомствоның есебін тұрақты және үздіксіз негізде жүргізуге міндettі.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру мәселелері жөніндегі ведомствоның статистикалық есептіліктің нысандарын осы Заңның 37-1-бабының ережелері ескеріле отырып жасалады және орталық мемлекеттік орган, құқықтық статистика органы және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган басшыларының бірлескен бұйрығымен бекітіледі.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру жөніндегі міндettі ведомствоның статистикалық есептіліктің жиынтық деректері мемлекеттік органдардың ресми сайттарында жарияланады.

Мемлекеттік органдар тексерулердің ведомствоның статистикасын ескере отырып жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметімен байланысты тәуекелдерді бағалаудың ведомствоның жүйесін қалыптастыруға және тұрақты жүргізуге міндettі.

Тәуекел - жеке кәсіпкерлік субъектісінің қызметі нәтижесінде салдарының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, мемлекеттің мүліктік мұдделеріне зиян келтірудің ықтималдығы.

Тәуекелдерді бағалау жүйесі - бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік орган тексерулердің жоспарлау мақсатында жүргізетін іс-шаралар кешені.

Мемлекеттік органдар жеке кәсіпкерлік субъектілерін тәуекел дәрежесіне қарай жоғары, орташа не төмен тәуекел топтарына жатқызады және олар үшін жоспарлы тексерулер жүргіздің:

жоғары тәуекел дәрежесі кезінде - жылдан бір реттен;

орташа тәуекел дәрежесі кезінде - үш жылда бір реттен;

төмен тәуекел дәрежесі кезінде - бес жылда бір реттен жиі емес кезеңділігін айқындаиды.

Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау, ветеринария, карантин және өсімдіктерді қорғау, тұқым шаруашылығы, астық және мақта нарығы саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары талаптарының сақталуын тексеру үшін жоспарлы тексерулер жүргізудің кезеңділігі:

1) ветеринария, карантин және өсімдіктерді қорғау, тұқым шаруашылығы, астық және мақта нарығы саласында:

жоғары тәуекел дәрежесі кезінде - жарты жылда бір реттен;

орташа тәуекел дәрежесі кезінде - бір жылда бір реттен;

төмен тәуекел дәрежесі кезінде - үш жылда бір реттен жиі болмауға;

2) санитариялық-эпидемиологиялық бақылау саласында:
жоғары тәуекел дәрежесі кезінде - айна бір реттен;
орташа тәуекел дәрежесі кезінде - тоқсанына бір реттен;
төмен тәуекел дәрежесі кезінде - жылына бір реттен жиі болмауға тиіс.

Бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу субъектінің салдардың ауырлығы түрғысынан маңызы, Қазақстан Республикасының зандарын бұзушылықтардың салалық статистикасы, сондай-ақ жоспардан тыс тексерулердің нәтижелері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері - жеке кәсіпкерлік субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, жеке кәсіпкерлік субъектілерін әртүрлі тәуекел дәрежесіне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы.

Тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері бақылау және (немесе) қадағалау функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның бірлескен бүйректерінен бекітіледі және мемлекеттік органдардың ресми сайттарында жарияланады.

Бақылау және (немесе) қадағалау функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдар өз құзыреттері шегінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің біртекті топтары үшін тексеру параптаратын қалыптастыруға міндетті.

Тексеру параграфы Қазақстан Республикасының зандарында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында көзделген жеке кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, азаматтардың, занды тұлғалардың және мемлекеттің мүліктік мүдделеріне қатер төндіруге әкеп соғатын талаптардың түбекейлі тізбесін қамтиды.

Тексеру параграфында қамтылған, жеке кәсіпкерлік субъектісіне қойылатын талаптар ең аз жеткіліктілік принциптеріне сәйкес қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының зандарында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында көзделмеген не жеке кәсіпкерлік субъектісінің қызметінен келетін тәуекел дәрежесін төмендетуге әсер етпейтін талаптар тексеру параптаратына енгізілуге жатпайды және олар жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру барысында қойылмайды.

Тексеру параптаратының нысандары бақылау және (немесе) қадағалау функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның бірлескен бүйректерінен бекітіледі және мемлекеттік органдардың ресми сайттарында жарияланады.

3. Тексеру мемлекеттік органның тексеруді тағайындау туралы актісі негізінде жүргізіледі.

Тексеруді тағайындау туралы актіде:

- 1) актінің номірі мен күні;
- 2) мемлекеттік органның атауы;

3) тексеру жүргізуге уәкілетті адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (ол болғанда) және лауазымы;

4) тексерілетін жеке кәсіпкерлік субъектісінің атауы немесе тексеру жүргізу тағайындалған дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болғанда), оның орналасқан жері, сәйкестендіру нөмірі, аумақтың участасесі;

5) тағайындалған тексерудің мәні;

6) тексеру жүргізудің мерзімі;

7) тексеру жүргізудің құқықтық негіздері, оның ішінде міндепті талаптары тексеруге жататын нормативтік құқықтық актілер;

8) тексерілетін кезең;

9) актіге қол қоюға уәкілетті адамның қолы және мемлекеттік органның мөрі көрестіледі.

4. Салық қызметі органдары жүзеге асыратын қарсы тексерулерді қоспағанда, тексеруді тағайындау туралы акті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқықтық статистика жөніндегі органда міндепті түрде тіркеледі.

Тексеру тағайындау туралы актінің тіркеудің есептік сипаты бар және тәуекелді басқарудың ведомстволық жүйелерін қалыптастыру мен жетілдіру үшін пайдаланылады.

Тексеру тағайындау туралы актінің тіркелуі осындай тексерудің заңдылығына дәлел болып табылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері бойынша салық қызметі органдары жүзеге асыратын қарсы тексерулерді тағайындау туралы актілер жөніндегі жалпы мәлімет тоқсан сайын құқықтық статистика органына беріледі.

5. Бақылау және (немесе) қадағалау функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік орган жеке кәсіпкерлік субъектісін тексеру жүргізудің мерзімдері мен нысанын көрсете отырып, тексеру басталғанға дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын жоспарлы тексеру жүргізудің басталатыны туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

Жоспардан тыс тексеру жүргізу кезінде осы Заңның 37-1-бабы 7-тармағының 3), 4), 7), 8) тармақшаларында, 9 және 10-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік орган жеке кәсіпкерлік субъектісін тексеру жүргізу нысанасын көрсете отырып, тексеру басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын жоспардан тыс тексеру жүргізудің басталатыны туралы хабарлауға міндетті.

6. Объектіге тексеру үшін келген мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары:

1) құқықтық статистика жөніндегі органда тіркеу туралы белгі қойылған тексеруді тағайындау туралы актіні;

2) қызметтік күзелігін;

3) қажет болғанда режимді объектілерге баруға құзыретті органның рұқсатын;

4) объектілерге бару үшін болуы қажет медициналық рұқсаттаманы;

5) тексеру парагын көрсетуге міндettі.

7. Тексеруді тағайындау туралы актіні тексерілетін жеке кәсіпкерлік субъектісіне берген сәттен бастап тексеру жүргізу басталды деп есептеледі.

8. Тексеруді тағайындау туралы актіні қабылдаудан бас тартқан немесе тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының тексеру жүргізуге қажетті материалдарға қол жеткізуіне кедергі келтірілген жағдайда хаттама жасалады. Хаттамаға тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органның лауазымды адамы және тексерілетін жеке кәсіпкерлік субъектісінің уәкілетті адамы қол қояды.

Тексерілетін жеке кәсіпкерлік субъектісінің уәкілетті адамы бас тарту себебі туралы жазбаша түсініктеме беріп, хаттамаға қол қоюдан бас тартуға құқылы. Тексеруді тағайындау туралы актіні алудан бас тарту тексеру жүргізбеуге негіз болып табылады.

9. Тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген лауазымды адам (адамдар) ғана тексеру жүргізе алады.

10. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік орган, мемлекеттік қаржы бақылауы органдары жүзеге асыратын тексерулерді ұйымдастыру мен жүргізу тәртібінің ерекшеліктері, тексерулердің түрлері, олардың кезенділігі мен ұзақтығы Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалады.

11. Тексеру жүргізу мерзімі алдағы жұмыстар көлемі, сондай-ақ қойылған міндеттер ескеріле отырып белгіленеді және ол Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген салықтық тексеруді, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық бақылау, ветеринария, карантин және өсімдіктерді қорғау, тұқым шаруашылығы, астық және мақта нарығы саласында жүргізілетін тексерулерді жүргізу кезіндегі жекелеген жағдайларды қоспағанда, отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс, олар үшін салалық ерекшеліктері ескеріле отырып, тексерулер жүргізу дін мұнадай:

1) санитариялық-эпидемиологиялық бақылау саласындағы тексерулер - он бес жұмыс күніне дейін және он бес жұмыс күніне дейін ұзартылатын;

2) ветеринария, карантин және өсімдіктерді қорғау, тұқым шаруашылығы, астық және мақта нарығы саласында - бес жұмыс күнінен аспайтын және бес жұмыс күніне дейін ұзартылатын мерзімдері белгіленген.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген салықтық тексерулерді жүргізу кезіндегі жекелеген жағдайларды және осы тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, арнайы зерттеулер, сынақтар, сараптамалар жүргізу қажет болғанда, сондай-ақ тексеру көлемінің ауқымды болуына байланысты бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органның басшысы (не оны ауыстыратын адам) тексеру жүргізудің мерзімін отыз жұмыс күнінен аспайтын

мерзімге бір рет қана ұзартса алады.

Тексеру мерзімі ұзартылған жағдайда мемлекеттік орган міндетті түрде құқықтық статистика органында тіркеу арқылы тексеруді ұзарту туралы қосымша актіні ресімдейді, онда тексеруді тағайындау туралы алдыңғы актінің нөмірі мен тіркелген күні және ұзартудың себебі көрсетіледі.

Тексеру бір айдан аспайтын мерзімге бір рет тоқтатыла түру мүмкін.

Ерекше жағдайларда (шет мемлекеттерден және тексеру жүргізу шенберінде елеулі мәні бар мәліметтерді, құжаттарды алу қажеттігі, отыз жұмыс күнінен асатын мерзімде арнайы зерттеулер, сынақтар, сараптамалар жүргізу) тексеруді тоқтата түру мерзімі белгіленбейді.

Жеке кәсіпкерлік субъектісін тексеруді тоқтата түру және қайта бастау туралы хабардар ету құқықтық статистика жөніндегі органға хабарлана отырып, тексеруді тоқтата түруға не қайта бастауға дейін бір күн бұрын жүргізіледі.

Тексеруді тоқтата түру және қайта бастау кезінде тексеруді тоқтата түру және қайта бастау туралы акт жасалады.

Тоқтатыла тұрған тексеруді жүргізу мерзімін есептеу ол қайта басталған күннен бастап жалғасады.

Тоқтатыла тұрған және осы бапта белгіленген мерзімдерде қайта басталмаған тексеру бойынша жеке кәсіпкерлік субъектісін тексеруді қайта жүргізуге жол берілмейді.

Салық қызметі органдары жүзеге асыратын тексерулерді жүргізу тәртібі мен мерзімдерінің, ұзартудың және тоқтата түрудың ерекшеліктерін Қазақстан Республикасының Салық кодексі айқындайды.

12. Тексеруді тағайындау туралы акті тек бір ғана жеке кәсіпкерлік субъектісіне ресімделеді.

13. Зерттеулер (сынақтар), сараптамалар жүргізу үшін өнімнің (сынамалардың) үлгілерін іріктеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

14. Тексерудің нәтижелері бойынша тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органның лауазымды адамы екі данада тексеру нәтижелері туралы акті жасайды.

Тексеру нәтижелері туралы актіде:

- 1) актінің жасалған күні, уақыты және орны;
- 2) тексеруді жүргізген мемлекеттік органның атауы;
- 3) соның негізінде тексеру жүргізілген тексеруді тағайындау туралы актінің күні мен нөмірі;
- 4) тексеру жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (ол болғанда) және лауазымы;

5) тексерілетін жеке кәсіпкерлік субъектісінің атауы немесе дара кәсіпкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болғанда), тексеруді жүргізу кезінде қатысқан заңды тұлға өкілінің немесе дара кәсіпкер өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болғанда), лауазымы;

- 6) тексерудің жүргізілген күні, орны және кезеңі;
- 7) тексерудің нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар туралы, олардың сипаты туралы мәліметтер;
- 8) занды тұлға немесе дара кәсіпкер өкілінің, сондай-ақ тексеруді жүргізу кезінде қатысқан адамның актімен танысуы туралы немесе танысадан бас тартуы туралы мәліметтер, олардың қолы немесе қол қоюдан бас тартуы туралы;
- 9) тексеруді жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) қолы көрсетіледі.
- Тексерудің нәтижелері туралы актіге олар болған жағдайда өнімнің үлгілерін (сынамаларын) іріктеу, қоршаған орта объектілерін зерттеу туралы актілер, жүргізілген зерттеулердің (сынақтардың) және сараптамалардың хаттамалары (қорытындылары) және тексеру нәтижелерімен байланысты басқа да құжаттар немесе олардың көшірмелері қоса беріледі.
15. Тексерудің нәтижелері бойынша ескертулер және (немесе) қарсылықтар болған жағдайда, жеке кәсіпкерлік субъектісінің басшысы немесе дара кәсіпкер не олардың өкілдері оларды жазбаша түрде белгілейді.
- Ескертулер және (немесе) қарсылықтар тексеру жүргізудің нәтижелері туралы актіге қоса беріледі, ол туралы тиісті белгі жасалады.
16. Жеке кәсіпкерлік субъектісінде түпнұсқа ретінде болатын құжаттардың көшірмелерін қоспағанда, қосымшаларының көшірмелері бар тексерудің нәтижелері туралы актінің бір данасы танысу және анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі шараларды және басқа да іс-қимылдарды қабылдау үшін жеке кәсіпкерлік субъектісінің басшысына немесе дара кәсіпкерге не олардың өкілдеріне тапсырылады.
17. Тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша жеке кәсіпкерлік субъектісі үш күндік мерзімде қарсылықтар болмағанда тексеруді жүргізген мемлекеттік органның басшысымен келісілген мерзімдерді көрсете отырып, анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде қабылданатын шаралар туралы ақпарат беруге міндетті.
18. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің келушілер мен тексерулерді есепке алу кітабын жүргізуге құқығы бар. Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары жеке кәсіпкерлік субъектілерінің келушілер мен тексерулерді есепке алу кітабында тегін, лауазымдарын және актіде баяндалған деректерді көрсете отырып, жүргізілген іс-қимылдар туралы жазба жасауға міндетті.
19. Түпнұсқалық бухгалтерлік және өзге де құжаттарды алып қоюға және алуға тағыйым салынады.
- Түпнұсқалық құжаттарды алып қою және алу Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің нормаларына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жағдайларда жүргізіледі.
20. Тексеру жүргізілген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық болмаған жағдайда актіге тексеру нәтижелері жөнінде тиісті жазба жасалады.

21. Тексерілетін жеке кәсіпкерлік субъектісіне тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген тексеруді аяқтау мерзімінен кешіктірілмей тексеру нәтижелері туралы актінің тапсырылған күні тексеру мерзімінің аяқталуы деп есептеледі.

22. Иесі бұркемеленген өтініштер жоспардан тыс тексеру жүргізу үшін негіз бола алмайды.

Осы Занда белгіленбеген өзге тексеру түрлерін жүргізуге тыйым салынады.";

23) 40-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"40-бап. Мемлекеттік бақылауды жүргізу кезіндегі жеке

кәсіпкерлік субъектісінің құқықтары мен міндеттері

1. Жеке кәсіпкерлік субъектілері жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік бақылауды жүргізу
ке з і н д е :

1) м ы н а д а й :

жоспарлы тексерулар тағайындалған кезде алдағы тексеруларға қатысты уақыт
а р а л ы ғ ы с а қ т а л м ағ а н ;

мемлекеттік органдар өз құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша тексерулар
т а ғ а й ы н д ағ а н ;

тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілген мерзімдер асып кеткен не олар өтіп
кеткен, осы Занда белгіленген мерзімдерге сәйкес келмеген;

"Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-1-бабы 7-
тармағының 2), 4), 6) 7) және 8) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда,
мемлекеттік орган белгілі бір мәселе бойынша, белгілі бір кезеңде бұрын тексеру
жүргізілген жеке немесе занды тұлғаға оған қатысты көрінеу қайта тексеру
т а ғ а й ы н д ағ а н ;

егер алдыңғы тексеру кезінде бұзушылықтар анықталмаған болса, осы Заңының 37-1-
бабы 7-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру тағайындалған;

осы Заңының 38-бабының 2 және 4-тармактарында көзделген ақпарат пен құжаттар
б о л м ағ а н ;

жасалған не әзірленіп жатқан қылмыстар туралы өтініште немесе хабарламада, жеке
, занды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен занды мұдделерін бұзу туралы
өзге де өтініштерде көрсетілген уақыт аралығының шенберінен шығатын кезеңде
т е к с е р у т а ғ а й ы н д а л ғ а н ;

тексеру жүргізуге тиісті өкілеттіктері жоқ адамдарға тексеру жүргізу тапсырылған;

осы Заңының 37-1-бабының 3-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда,
тексеруді тағайындау туралы бір актіде тексеруге тартылатын бірнеше жеке
кәсіпкерлік субъектілері көрсетілген;

тексеру мерзімдері осы Занда белгіленген мерзімнен асырып ұзартылған
жағдайларда, объектіге тексеру жүргізу үшін келген мемлекеттік органдардың
лауазымды адамдарын тексеруге жібермеуге;

2) егер жүргізілетін тексерудің мәніне жатқызылмаған немесе актіде көрсетілген

кезеңге жатқызылмаған болса, мәліметтер бермеуге;

3) тексеруді тағайындау туралы актіге және тексерудің нәтижелері туралы актіге және мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының іс-эрекетіне (эрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

4) мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың жеке кәсіпкерлікті шектейтін заңға негізделмеген тыйым салуларын орындауға;

5) тексеруді жүзеге асыру процесін, сондай-ақ лауазымды адамның қызметіне кедергі келтірмestен, аудио- және бейне-техника құралдарының көмегімен лауазымды адамның тексеру шеңберінде жүргізетін жекелеген іс-эрекеттерін тіркеуге;

6) үшінші тұлғалардың өз мүдделері мен құқықтарын білдіруі, сондай-ақ үшінші тұлғалардың осы баптың 1-тармағының 5) тармақшасында көзделген іс-эрекеттерді жүзеге асыруы мақсатында оларды тексеруге қатысуға тартуға құқылы.

2. Мемлекеттік органдар мемлекеттік бақылауды жүргізген кезде жеке кәсіпкерлік сұбъектілері:

1) осы Заңның 38-бабы 4-тармағының талаптары сақталған кезде тексерілетін объектінің аумағына және үй-жайларына мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының кедергісіз өтуін қамтамасыз етуге;

2) осы Заңның 11-бабының талаптарын сақтай отырып, тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына қағаз және электронды жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін тексерудің нәтижелері туралы актіге қосу үшін табыс етуге, сондай-ақ тексерудің міндептері мен мәніне сәйкес автоматтандырылған деректер қорына (ақпараттық жүйелерге) қол жеткізуіне мүмкіндік беруге;

3) тексеруді тағайындау туралы актінің екінші данасында алғаны туралы белгі жасауға міндепті.";

24) мынадай мазмұндағы 40-1 және 40-2-баптармен толықтырылсын:

"40-1-бап. Тексеру жүргізу кезіндегі шектеулер

Тексеру жүргізу кезінде мемлекеттік органның бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды адамдары:

1) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында белгіленген талаптар мемлекеттік органның атынан әрекет ететін лауазымды адамдардың құзыретіне жатпаса, мұндай талаптардың орындалуын тексеру үрге;

2) егер құжаттар, ақпарат, өнім үлгілері, қоршаған орта объектілерін және өндірістік орта объектілерін зерттеу сынамалары тексеру объектілері болып табылмаса немесе тексеру нысанасына жатпаса, оларды ұсынуды талап етуге;

3) өнім үлгілеріне, қоршаған орта объектілерін және өндірістік орта объектілерін зерттеу сынамаларына зерттеу, сынау, өлшеу жүргізу үшін көрсетілген үлгілердің, сынамалардың белгіленген нысан бойынша және (немесе) мемлекеттік стандарттарда,

үлгілерді, сынамаларды іріктең алу қағидаларында және олардың зерттеу, сынау, өлшеу әдістерінде, техникалық регламенттерде немесе олар күшіне енетін қунге дейін қолданыста болатын өзге де нормативтік техникалық құжаттарда, зерттеу, сынау, өлшеу қағидаларында және әдістерінде белгіленген нормадан асатын санда іріктең алынуы туралы хаттамаларды ресімдемей, оларды іріктең алуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеру жүргізу нәтижесінде алынған және коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етуге және (немесе) таратуға;

5) тексеру жүргізудің белгіленген мерзімдерінен асып кетуге;

6) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-1-бабы 7-тармағының 2), 4), 6), 7), 8) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, белгілі бір мәселе бойынша, белгілі бір кезеңде бұрын тексеру жүргізілген жеке немесе заңды тұлғаға қатысты көрінеу қайта тексеру жүргізуге;

7) мемлекеттік бақылау мақсатында шығынды сипаттағы іс-шараларды жеке кәсіпкерлік субъектілерінің есебінен жүргізуге құқылы емес.

40-2-бап. Осы Заңның талаптарын өрескел бұза отырып жүргізілген тексерудің жарамсыздығы

1. Бақылау және (немесе) қадағалау функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органның осы Заңда белгіленген, тексеруді үйымдастыру мен жүргізуге қойылған талаптарды өрескел бұза отырып жүргізген тексеруі жарамсыз деп танылады, ал осы тексерудің нәтижелері жөніндегі акт жеке кәсіпкерлік субъектілерінің Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысында белгіленген міндетті талаптарды бұзының дәлелі болып табылмайды және жоғары тұрған мемлекеттік органның немесе соттың оның күшін жоюына негіз болып т а б ы л а д ы .

Жоғары тұрған мемлекеттік органның тексерудің жарамсыздығына байланысты жеке кәсіпкерлік субъектісінің өтінішін қарауы өтініш берілген кезден бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Мұндай өтінішті қараудың белгіленген мерзімі бұзылған жағдайда шешім жеке кәсіпкерлік субъектісінің пайдасына шешілді деп есептеледі.

2. Өрекел бұзушылыққа:

- 1) тексеру жүргізу негіздерінің болмауы;
- 2) тексеруді тағайындау туралы актінің болмауы;
- 3) тексеру жүргізу туралы хабарлама мерзімдерінің сақталмауы;
- 4) осы Заңның 40-1-бабының талаптарын бұзу;
- 5) жоспарлы тексеру тағайындау кезінде алдыңғы тексеруге қатысты уақыт аралығын бұзу;
- 6) тексерілетін субъектіге тексеру актісін табыс етпен жатады.";

25) 42-баптың 1-тармағында "әкімшілік етудің" деген сөздер "реттеудің" деген сөзбен ауыстырылсын;

26) көрсетілген Заңға қосымшада :

1 - т а р м а қ т а :

2) тармақшадағы "мониторинг және" деген сөздер алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын: "8) атом энергиясы саласындағы бақылау;" ;

2 - т а р м а қ т а :

9) және 10) тармақшалар алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын: "12) көлік саласындағы бақылау;" ;

3-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "өнімді тиеп жіберу алдындағы кезеңде және (немесе) оның түпкілікті пайдаланылуын бақылау" ;

6-1-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "тұрғын үй қатынастары саласын бақылау." ;

7 - т а р м а қ т а :

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы бақылау;" ;

8) тармақшадағы "су заңнамасы" деген сөздер "су қорын пайдалану және қорғау" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) мақтаның қауіпсіздігі және сапасы саласындағы бақылау." ;

10-тармақтың 3) тармақшасындағы "қауіпті өнеркәсіптік объектілердегі" деген сөздер алып тасталсын;

11-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) дәрілік заттардың айналысы саласындағы бақылау;" ;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік орган:

1) Қазақстан Республикасының еңбек туралы және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнамасының сақталуын бақылау;

2) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқаруы кезінде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтірілгені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласындағы бақылау;

3) халықты жұмыспен қамту саласындағы бақылау;

4) мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы бақылау;

5) арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну саласындағы бақылау.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі мемлекеттік орган - монополияға қарсы орган:

1) экономикалық шоғырлануды бақылау;

2) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының сақталуын бақылау . " ;

28-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) күзет қызметін бақылау;" ;

30-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "аудиторлық қызмет және кәсіби аудиторлық ұйымдар қызметі саласындағы бақылау . " ;

31-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ойын бизнесі саласындағы бақылау.";

мынадай мазмұндағы 33, 34, 35, 36, 37 және 38-тармақтармен толықтырылсын:

"33. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі мемлекеттік орган:

дene шынықтыру және спорт саласындағы бақылау.

34. Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы мемлекеттік орган: бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы бақылау.

35. Алматы қаласының өнірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі мемлекеттік орган:

өнірлік қаржы орталығы қатысушыларының Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы саласындағы қызметін бақылау.

36. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік орган:

тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғалуын және пайдаланылуын бақылау.

37. Статистика саласындағы мемлекеттік орган:

статистика саласындағы бақылау.

38. Кәсіпкерлік жөніндегі мемлекеттік орган:

жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және қорғау саласындағы бақылау.".

57. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., N 16, 96-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; 2008 ж., N 21, 95-құжат; N 23, 114-құжат):

1) 8-баптың 18) тармақшасындағы "жүзеге асыру жатады." деген сөздер "жүзеге асыру;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 19) тармақшамен толықтырылсын :

"19) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеу және бекіту жатады.";

2) 33-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақстан Республикасының зандары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары талаптарының сақталуын бақылау мақсатында табиғат қорғау мекемесінің және оның күзет аймағының аумағындағы жеке және занды тұлғалардың объектілеріне баруға;".

58. "Ақпараттандыру туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 2, 13-құжат):

1) 4-бап мынадай редакциядағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

2) 6 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының зандары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары талаптарының сақталуы тұрғысынан ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;";

17) тармақшадағы "бекіту жатады." деген сөздер "бекіту;" деген сөзben ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 18) тармақшамен толықтырылсын:

"18) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеу және бекіту жатады.".

59. "Лицензиялау туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 2, 10-құжат; N 20, 152-құжат; 2008 ж., N 20, 89-құжат; N 23, 114-құжат; N 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., N 2-3, 16, 18-құжаттар; 2009 жылғы 8 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2009 жылғы 9 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тауар биржалары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының заңы

З а ң ы) :

33-баптың 4) тармақшасында ", құрылышты техникалық сүйемелдеу," деген сөздер алып тасталсын.".

60. "Ойын бизнесі туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 2, 15-құжат; 2009 жылғы 8 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2009 жылғы 9 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық

актілеріне ойын бизнесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 8-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.;"

2) 16-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-1-бап. Ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырады.

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

3) 16-2 және 16-3-баптар алып тасталсын.

61. "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 4, 32-құжат; 2008 ж., N 17-18, 72-құжат; N 21, 97-құжат; N 23, 114-құжат):

1) 20-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы 20) және 21) тармақшалармен толықтырылсын:

"20) бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

21) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

2) мынадай мазмұндағы 20-1-баппен толықтырылсын:

"20-1-бап. Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы, мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.".

62. "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 17 , 138 - құжат) :

6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Ойыншықтардың қауіпсіздігін тексеру екі кезеңде жүргізіледі:

1) құжаттық тексеру;

2) тәуекелдерді бағалауды тексеру.

3. Ойыншықтардың қауіпсіздігін құжаттық тексеру:

1) тұтынушыға арналған ақпарат дәйектілігінің осы Заңың, техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігін тексеру;

2) ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы талаптарға ойыншықтың сәйкестігін растайтын құжаттағы ақпараттың сәйкестігін тексеру арқылы жүзеге асырылады.

4. Тәуекелдерді бағалауды тексеру кезінде мемлекеттік органдар өз құзыretі шегінде ойыншықтардың іріктеліп алынған үлгілерін аккредиттеген зертханаларға (орталықтарға) сынақтар (зерттеулер) жүргізу үшін жібереді.

5. Ойыншықтар қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдар ойыншықтар өндірісін, нарықта өткізілуін және айналысын тоқтата тұру туралы нұсқама береді.

Егер ойыншықтар өткізілуде жатқан болса, уәкілетті орган адам өмірі мен денсаулығына немесе қоршаған ортаға әсер ететін қауіпті факторлардың бар екендігі туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлауға міндетті.

63. "Мақта саласын дамыту туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 16, 130-құжат):

1) 7-баптың 20) тармақшасындағы "бақылау жатады." деген сөздер "бақылау;" деген сөзben ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 21) тармақшамен толықтырылсын:

"21) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеу және бекіту жатады.";

2) 3-тaraудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-tarau. Мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы мемлекеттік бақылау";

3) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган өз құзыretі шегінде жүзеге асырады және Қазақстан Республикасы заңдарының

және Қазақстан Республикасы Үкіметі қауулыларының мақтаның қауіпсіздігі мен сапасына қойылатын талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Мақтаның қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау адам өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға, оның ішінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне зиян келтіруге байланысты тәуекелге жол бермеу мақсатында жүзеге асырылады.

3. Мақтаның сапасы саласындағы мемлекеттік бақылау:

1) мақта нарығына қатысушылардың ресми өтініштері (шағымдары) негізінде, мақта иелерінің мұдделерін қорғау мақсатында сақтау мен қайта өндедеуге қабылдау және беру кезінде мақтаның сапа көрсеткіштерін айқындауға бақылауды;

2) мақта нарығына қатысушылардың ресми өтініштері (шағымдары) негізінде, мақта иелерінің мұдделерін қорғау мақсатында сақтаудағы және қайта өндедегі мақтаның сандық-сапалық жай-күйін бақылауды қамтиды.

4. Мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысанда жүзеге асырылады.

5. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады".

64. "Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 17, 134-құжат):

1) 8-баптың 12) тармақшасындағы "нұсқама беруді жүзеге асырады." деген сөздер "нұсқама беруді;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

"13) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеуді және бекітуді жүзеге асырады.";

2) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Химиялық өнімнің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Химиялық өнімнің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылауды белгіленген тәртіппен және өз құзыреті шегінде уәкілетті органдар жүзеге асырады және ол Қазақстан Республикасының заңдарының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қауулыларының химия өнімдері қауіпсіздігіне қойылатын талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Химиялық өнімнің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысанда жүзеге асырылады.

3. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады".

65. "Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 17, 137-құжат):

1) 6-баптың 7) тармақшасындағы "нұсқама беру жатады." деген сөздер "нұсқама беру;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомствоның статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеу және бекіту жатады.":

2) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау

1. Уәкілетті органдар машинадар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен және өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

2. Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысанда жүзеге асырылады.

3. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.".

66. "Экспорттық бақылау туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 16, 132-құжат):

1) 6 - б а п т а :

7) тармақшадағы "тексеруді" деген сез "бақылауды" деген сөзбен ауыстырылсын. мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомствоның статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

2) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Өнімді тиеп жіберу алдындағы кезеңде және (немесе) оның түпкілікті пайдаланылуын мемлекеттік бақылау

1. Өнімді тиеп жіберу алдындағы кезеңде және (немесе) оның түпкілікті пайдаланылуын мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысанда жүзеге

а с ы р ы л а д ы .

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.".

67. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 20, 151-құжат; 2008 ж., N 23, 124-құжат):

1) 5-бап мынадай мазмұндағы 45) тармақшамен толықтырылсын:

"45) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру парактарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

2) 5 9 - б а п т а :

8 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "тексерулер нысанында" деген сөздер "тексеру нысанында және өзге де нысандарда" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы .";

9, 10, 12, 13, 14, 15 және 16-тармақтар алып тасталсын.

68. "Трансферттік баға белгілеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., N 15 - 16 , 65 - құжат) :

9-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Трансферттік бағаларды қолдану саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Салық қызметі органдары және кеден органдары жүзеге асыратын тексеру және мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарын жүргізу тәртібі мен мерзімдерінің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасында айқындалады.".

69. "Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., N 15-16, 59-құжат):

1) 6-бап мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес

ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру параптарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

2) 3 0 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес" деген сөздер "тексеру нысанында" деген сөздермен аудиостырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.";

2 - т а р м а қ т а :

"жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, мемлекеттік органдардың, оның ішінде аккредиттеу жөніндегі органның хабарламалары бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес" деген сөздер "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жоспардан тыс тексеру нысанында" деген сөздермен аудиостырылсын.

70. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., N 23, 113-құжат):

1) мынадай мазмұндағы 34-1-баппен толықтырылсын:

"34-1-бап. 2010 жылғы 1 қантарға дейінгі кезеңге "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексін) және осы Заңды қолдану мақсатында айлық есептік көрсеткіш және жалақының ең төменгі мөлшері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және 2009 жылдың басында қолданыста болған мөлшерлерді негізге ала отырып айқындалатын болып белгілесін.";

2) 49-баптың 1) тармақшасының алпыс тоғызынышы және жетпісінші абзацтары алып тасталсын.

71. "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., N 24, 127-құжат):

1) 8-бап мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру параптарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.";

2) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау

1. Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және де нысандарда жүзеге асырылады.

Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъект осы Заңның талаптарын бұзған жағдайда, уәкілетті орган:

1) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерге бұзушылықтарды жою туралы орындалуға міндettі үйғарымды жібереді;

2) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектіні (оның лауазымды адамдарын) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта тарту үшін қажетті шараларды қолданады.

3. Мемлекеттік органдардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ шешімдеріне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шағым жасалуы мүмкін".

72. 2009 жылғы 8 мамырда "Егemen Қазақстан" және 2009 жылғы 7 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған " Тауар биржалары туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына :

1) 4 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық статистикалық есептіліктің, тексеру параптаратының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді ; " ;

8) тармақша алып тасталсын;

2) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Тауар биржалары саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Тауар биржалары саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.";

3) 26-бап алып тасталсын.

2-бап. Осы Заңның 2009 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабының 70-тармағының 1) тармақшасын, осы Заңның 2010 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабының 56-тармағының 15) тармақшасын және осы Заңның 2011 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабының 32-тармағының

үшінші абзацын қоспағанда, осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Осы Заң қолданысқа енгізілген кезден бастап алты ай ішінде мемлекеттік органдар тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, міндettі ведомстволық статистикалық есептіліктің және тексеру парақтарының нысандарын өзірлеуге және бекітуге міндettі.

Белгіленген мерзім өткеннен соң осы баптың екінші бөлігінің талаптарын орындағанға дейін мемлекеттік органдардың жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жоспарлы тексерулер жүргізуіне тыйым салынады.

Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.30 № 234-IV (2009 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі) Занымен.

Қазақстан Республикасының

Н. Назарбаев

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК